Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 28 (1135)

14.07.2023

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

БӘРЕКЕЛДІ!

«ҰЛТЫМНЫҢ ҮНІ – ДОМБЫРА» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ АТАНДЫ

Тоғыз жастағы Заңғар домбыраны алғаш ғаламтор желісінен әртүрлі бейнероликтер көру арқылы үйренген. Апасы жұмыстан келгенде күні бойы үйренген күйлерін ойнап беріп жүріпті. Немересінің бойындағы қабілетін одан әрі шыңдай түсем деген апасы оны «Мейірім» шығармашылық орталығының домбыра үйірмесіне береді. Үйірмеге қатыса бастаған кезденақ Заңғар ұстаздарының көзіне түсіп, түрлі жарыстарға қатысады. Әр жарыстан жүлдесіз оралмайтын Заңғар «Respublika» партиясы ұйымдастырған «Ұлтымның үні – домбыра» атты байқауда жүзге жуық қатысушының ішінен оза шапты. Осылай Астанада өткен онлайн жарыста Жетісу өлкесінен жалғыз Заңғар ғана жүлделі орынды иеленіп, арнайы тапсырыспен жасалған домбыраны ұтып алды.

– Заңғар кішкентайынан өнерге жақын болды. Бір істі қаласа міндетті түрде соңына дейін апаратын. Алғашында ғаламтордағы бейнероликтерді қарап, домбыра шертіп отыратын. Ол кезде қатты мән бермедік. Бір күні жұмыстан келсем «апа, қарашы, қандай күй үйрендім» деп кәдімгідей домбырада ойнап отыр. Содан кейін өзінің домбыра үйірмесіне қатысқысы келетінін айтты. «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» демекші, оны бірден «Мейірім» орталығына бердім. Бүгінде Заңғарымыз тек биіктерден ғана көрініп келеді. Барған әр жарыстан міндетті түрде жүлделі оралады. Жиын-отырыстарда құлағымыздың құрышын қандырып, әр түрлі күй орындап береді. Ата-анасы жұмыста болғандықтан Заңғарға көбіне өзім бас-көз боламын. Оны үйірмеге уақытылы жіберіп, күнде не үйренгенін сұраймын. Немеремнің талабы таудай. Домбыра десе ішкен асын жерге қояды. Алғашында көпшілік ортаға шығуға ұялатын. Қазір үйірмедегі балалармен араласып, біраз ашылды. Астананда өткен жарысқа онлайн қатыстық. Үйден арнайы бейнеоролик түсіріп, жолдадық. Жетісу өлкесінен тек Заңғар ғана жүлделі орын алды – дейді Заңғардың нағашы апасы Гүлжат Қасенова.

«НАҒЫЗ ҚАЗАҚ ҚАЗАҚ ЕМЕС, НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА» ДЕП АҚЫН ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ АЙТҚАНДАЙ, ҚАЗАҚ ПЕН ДОМБЫРА ЕГІЗ ҰҒЫМ. ӘР ҮЙДІҢ ТӨРІНДЕ ІЛУЛІ ТҰРАТЫН ДОМБЫРА АСПАБЫНДА ОЙНАУДЫ БІЛМЕЙТІН ҚАЗАҚ КЕМДЕ-КЕМ. СОЛАРДЫҢ БІРІ КІШКЕНТАЙЫНАН БІРНЕШЕ КҮЙ ҮЙРЕНІП, ТҮРЛІ ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСЫП ЖҮРГЕН ЗАҢҒАР ӘМІРЕ.

Өзгелерден дара тұратын Заңғар жайында домбыра үйірмесінің жетекшісі Гүлнар Зауатбекова да пікірін білдірді.

«Домбыраға қызығып, күй тартуға ынталанып жүрген балалардың саны күннен-күнге өсуде. Солардың бірі Заңғар. Ол өте зерек бала. Үйреткен нотаны бірден қағып алады», – деген Гүлнар апай Заңғарды қоңыр үннің құдіретін түсіне білетін ерекше бала екенін, оның болашағынан зор үміт күтетінін айтады.

Күйшілікті домбыра тартудың шыңы дейміз. Заңғар тоғыз жасында сол шыңға шығып, «Жастар биі», «Тепең көк», «Кеңес», «Нәр ағашы», «Келіншек», «Балбырауын» сынды күйлерді үйренді.

Болашақта қазақтың дара ұлы Димаш Құдайбергенов секілді елімізді әлемге танытамын деген Заңғарға биік шыңдарды бағындыра бер дейміз.

Айдана СМАҒҰЛ

БАСПАСӨЗ - 2023

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу жалғасуда

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 3640 теңге.
облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 4477,20 теңге.
ауыл тұрғындары үшін
на год – 4700,80 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 3640 тенге.
для города областного значения через "Казпочту"
на год – 4477,20 тенге.
для сельского населения
на год – 4700,80 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖИЫН

ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев өңірге жұмыс сапарымен келген ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарымен кездесті. Бұл туралы Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Жиында облыс басшысы халық қалаулыларына өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысын баяндай келе, шешімін күткен бірқатар мәселені сөз етті.

Өз сөзінде Бейбіт Исабаев: *«Мемлекет басшысы былтырғы облысымызға жұмыс сапары барысында келесі екі жыл ішінде «Лепсі – Балқаш» автожолының құрылысын аяқтау жөнінде тапсырма берді. Автожолдың жалпы ұзындығы – 141 шақырым, бүгінге оның 39 шақырымы жөнделді. Іске асыру сатысында екі жоба бар: «Лепсі – Балқаш көлі» 0-27 шақырымы және «Алматы-Өскемен-Лепсі-Ақтоғай» жолының 35 - 110 шақырымы. Екі жобаның жалпы құны – 17,7 млрд. теңге, 9,5 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде 2023 жылға – 2,9 млрд. теңге. «Алматы-Өскемен-Лепсі-Ақтоғай» автожолының 35-110 шақырымын қайта жаңартуды аяқтау үшін 7,4 млрд. теңге қажет. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2023 жылға өтінім берілген соманың 2,5 млрд. теңгесін қолдады және қаржы күзде республикалық бюджетті түзету кезінде бөлінбекші. Сіздерден 2023 жылғы республикалық бюджетті нақтылау кезінде және 2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджетті қарау кезінде құрылысты аяқтау үшін қаражат бөлуге жәрдем көрсетуді сұраймыз»*, – деді.

Сонымен қатар газдандыру жұмысы да қарқынды жүргізілуі тиіс. Биыл жергілікті бюджеттен 84 жоба әзірленуде. Оның ішінде 22 жоба бойынша жалпы сомасы 11,5 млрд. теңгеге мемлекеттік сараптаманың қорытындысы алынды. Құрылыс-монтаж жұмыстарын 2023-2025 жылдары жүргізу жоспарлануда. Бейбіт Өксікбайұлы депутаттардың назарын жоба құнының қымбаттауына аударды.

– Жаңа Бюджет кодексінің жобасын қарау кезінде құрылыстың нормативтік мерзімдерін сақтамауға, ұлттық валюта бағамының елеулі өзгеруіне және құрылыс материалдары құнының қымбаттауына байланысты жобаның сметалық құны ұлғайған жағдайда республикалық бюджеттен қаржыландыру нормасын қосу орынды деп санаймыз. Мысалы, жоғарыда аталған «Алматы – Өскемен – Лепсі – Ақтоғай» автожолын қайта жаңарту жобасын іске асыру 2018 жылы басталды, яғни алтыншы жыл қатарынан іске асырылуда, бұл ретте құрылыстың нормативтік мерзімі – 2,5 жыл. Осы уақыт ішінде құрылыс материалдарының құны 2 есе өсті, – деді облыс әкімі.

Аймақта елді мекендердегі кәріз желісін салу жұмысы да өзекті болып тұр. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласындағы ірі жобаларды іске асыру, Алакөл көлінің жағасын бекіту, Ақши және Көктұма ауылдарына дейін жоғары вольтты электр беру желілерінің құрылысы бүгінгі күннің басты талабына айналды. Аталмыш мәселелер оң шешімін табатын болса, облыстағы туризм саласының әрмен қарай өркендеуіне жол ашады.

Келесі кезекте сөз алған халық қалаулылары аймақ басшысы көтерген мәселелер назардан тыс қалмайтынын жеткізді. Әсіресе, жаңадан қабылданып жатқан заңдардың оң ықпалын мысалға келтірді. Сонымен қатар өзгертулер мен түзетулер енгізілетін заң жобаларымен таныстырды. Оның ішінде мемлекеттік сатып алуға қатысты өте өзекті мәселелерге мән берілмекші. Жиын барысында жазықсыз деп танылған мердігерлердің жұмысы да сынға алынды.

Жалпы кездесуде қатысушылар облыстың дамуына қатысты көптеген ұсыныстарын жеткізді. Соның ішінде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік сатып алу, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, субсидиялау қағидалары, инвестициялық жобаларды жетілдіру, жайылымдардың жетіспеушілігін жою, халықтың талаптілегіне құлақ асу сынды бастамалар айтылды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ҚЫСҚА – НҰСҚА

Сарқан ауданы тұрғындарымен кездеседі

Жетісу облысының әкімі Исабаев Бейбіт Өксікбайұлы 2023 жылғы 20 шілде күні сағат 09:00-де аудандық Мәдениет үйінде (мекенжайы: Сарқан қаласы, Чепрасов көшесі, 18) азаматтар үшін жеке қабылдау және сағат 10.00-де Сарқан ауданының тұрғындарымен кездесу өткізеді.

98 пәтерлі үй берілді

Талдықорған қаласындағы «Бірлік» шағын ауданында «Нұрлы жер» бағдарласы бойынша салынған 5, 7, 9 қабатты тұрғын үй пайдалануға берілді. Астананың 25 жылдық мерейтойы қарасаңында мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілген баспана кілтін облыс әкімі Бейбіт Исабаев пен Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл салтанатты түрде табыстады.

Егін суы тиімді пайдаланылуда

«ҚазСуШар» ММ-нің Панфилов аудандық филиалы өндірістік учаскесі мұраптарының ұйым-шылдықпен атқарған тынымсыз қарекетінің нәтижесінде егін суы тиімді пайдаланылуда. Жыл сайын өңір жүгерішілері шілде айының соңына дейін дақылды алғаш суарып үлгерсе, биыл 3 мың гектардан аса алқап 2 мәрте суарылған. Егін суару жұмысы Үшарал, Үлкеншыған, Бірлік, Басқұншақ және Пенжім ауылдық округтерінде қарқынды жүруде.

Әскери ант қабылдады

Қаратал ауданы Жаңаталап ауылындағы №15603 әскери бөлімінде жас сарбаздар салтанатты түрде әскери ант қабылдады. Айбынды армия, әлеуеті мықты ел әскерінің бүгінгі іс-шарасы Әуе Қорғаныс Күштері қатарында өтті.

ӘЛЕУМЕТ

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ТАРИФТЕР КӨТЕРІЛДІ

ТАРИФТЕРДІ ЖАСАНДЫ ТҮРДЕ ҰСТАП ТҰРУ КЕЗЕКПЕН АЖЫРАТУЛАРҒА, АПАТТАРҒА АЛЫП КЕЛЕТІНІНЕ ЖӘНЕ НӘТИЖЕСІНДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ МЕН ӨМІРІНЕ ҚАУІП ТӨНДІРЕТІНІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МОНОПОЛИЯЛЫҚ НАРЫҚТАРДА «ТАРИФТІ ИНВЕСТИЦИЯҒА АЙЫРБАСТАУ» ЖАҢА ТАРИФТІК САЯСАТЫНА КӨШУДЕ. БҰЛ ТУРАЛЫ БРИФИНГТЕ ҚР ҰЭМ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ БАСШЫСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ҒАЛЫМ ТОЙЛЫБЕК АЙТЫП БЕРДІ.

Оның айтуынша, ашықтықты қамтамасыз ету үшін тариф инфрақұрылымға салынатын салымдар мен мемлекеттік мониторинг жүйесіне қатысуға айырбас ретінде ұсынылатын болады. Бұл ретте инвестициялардың басым бөлігін меншік иесі тариф есебінен емес, өз қаражатынан салуы тиіс.

– Бағдарлама мүліктің меншік иелері есебінен салаға инвестициялар тартуды, табиғи монополиялар саласындағы қызметкерлердің жалақы деңгейін арттыруды, табиғи монополиялар саласына озық инновацияларды енгізуді ынталандыру жолымен одан әрі реттеуді көздейді. Бұл шаралар желілердің тозуын 15% - ға азайту, шығындарды төмендету және реттелетін қызметтердің сапасын жақсарту мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл ретте монополистердің пайдасын шектеу мен инфрақұрылымға инвестицияларды қамтамасыз ету арасындағы теңгерім сақталатын болады, – деп мәлімдеді Ғ. Тойлыбек.

Нәтижесінде тарифтер келесі мөлшерде бекітілді (ҚҚС есептемегенде):

– «Жетісу Су құбыры» МКК: сумен жабдықтау бойынша – 147,03 теңге/текше метр, қолданыстағы тарифтен 15,48 теңгеге немесе 11,77%-ға өзгерген; су бұру бойынша - 142,56 теңге/текше метр, қолданыстағы тарифтен 16,25 теңгеге немесе 12,87%-ға өзгерген.

Сумен жабдықтау бойынша халық үшін – 66,34 теңге/текше метр, 7,11 теңгеге немесе 12%-ға, су бұру бойынша – 71,22 теңге/текше метр, 8,20 теңгеге немесе 13%-ға өзгереді;

– «Талдықорғанжылусервис» КМК - 8 468,49 теңге/Гкал қолданыстағы тарифтен 195,09 теңгеге немесе 2,36%-ға өзгерді.

Халық үшін – 2 563,56 теңге/Гкал, 59,06 теңгеге немесе 2,36%-ға өзгерді;

– «ТАТЭК» АҚ – 8,76 теңге/кВтсағ қолданыстағы тарифтен 1,62 теңгеге немесе 22,65%-ға өзгерді.

Бұл ретте, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Данияр Ысқақовтың айтуынша, ең ірі және тозған объектілерге "Талдықорғанжылусервис" КМК (67%) және «Текелі энергокешені» ЖШС (65%) жатады.

Оның айтуынша, ағымдағы жылы «Талдықорғанжылусервис» КМК инвестицияларын өзгертуге жоспарланған сома 262,44 млн.теңгені құрайды. Жалпы 2029 жылға дейінгі инвестициялардың жалпы сомасы – 1,8 млрд. теңге. Нәтижесінде 2025 жылға дейін 14,6 шақырым жылу желілерін қайта жаңарту жоспарлануда (2023 жылға – 4,2 шк). Сонымен қатар, 2024-2025 жылдарға "Басқуат" қазандығын 25 млрд теңгеге жаңғырту жоспарланған (қазандықтың тозуы – 85%). Сондай-ақ, Текелі қаласында қуаты 41 МВт бу-газ қондырғысының құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды. Жобаны уақытылы іске асыру нәтижесінде Текелі қаласының қолданыстағы ЖЭО жаңғырту мәселесі шешілетін болады.

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің және Жетісу облысы энергетика және ТҮКШ басқармасының деректері бойынша.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

НАЛОГООБЛОЖЕНИЕ

ПИЛОТНЫЙ ПРОЕКТ В ПОМОЩЬ ТАКСИСТАМ И КУРЬЕРАМ



КОМИТЕТ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ ЗАПУСКАЕТ ПИЛОТНЫЙ ПРОЕКТ ДЛЯ ТАКСИСТОВ И КУРЬЕРОВ, КОТОРЫЙ ПОМОЖЕТ ИСКЛЮЧИТЬ ОШИБКИ В ИСЧИСЛЕНИИ И УПЛАТЕ НАЛОГОВ, ПЕРЕДАЕТ МИА «КАЗИНФОРМ» СО ССЫЛКОЙ НА САЙТ МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК.

В ведомстве напомнили, что при оказании услуг такси или курьерской доставки, как и при осуществлении любой другой предпринимательской деятельности, обязательна уплата налогов и социальных платежей с регистрацией ИП, либо оформлением в качестве работника.

«Эти требования не являются новшеством, но не всеми таксистами они выполняются, поскольку, по их мнению, регистрация в качестве индивидуального предпринимателя приводит к множеству обязательств (расчет налогов, социальных платежей и сдача деклараций). Именно поэтому Комитетом государственных доходов для упрощения исполнения обязательств предлагается выбрать режим на основе специального мобильного приложения “e-Salyq Business”. В приложении отсутствует необходимость представления налоговой декларации, обязательства в размере 1 процента подоходного налога плюс социальные платежи (пенсионные взносы, социальные отчисления и медицинское страхование) рассчитает само приложение», — отметили в КГД.

В связи с чем, для помощи в исполнении налоговых обязательств лицам, оказывающим услуги с использованием интернет-платформ, КГД запущен пилотный проект на основе налогового режима с использованием мобильного приложения «eSalyq Business».

В рамках него регистрация ИП может проходить непосредственно на интернет-платформе, оператором интернет платформы при выплате дохода, при наличии согласия со стороны таксиста (курьера), удерживаются и уплачиваются причитающиеся налоги и социальные платежи, затем сведения автоматически передаются в КГД. Либо предприниматель сам платит рассчитанные приложением налоги и соцплатежи.

«Это не только полностью освобождает физическое лицо от каких-либо контактов с налоговыми органами и исключает ошибки в исчислении и уплате налогов, но и позволит не увеличивать финансовую нагрузку, например, на таксистов, поскольку бизнес-процессы настраиваются таким образом, что таксист будет иметь возможность напрямую получать заказы от платформы, без посредников», — заверили в КГД.

На сегодняшний день, как отметили в ведомстве, еще ведется работа с «Яндекс.такси» и другими операторами интернет-платформ по настройке информационных систем, по завершении которой граждане смогут исключительно на добровольной основе присоединиться к пилотному проекту.

ДОБРЫЕ ВЕСТИ

ПРОВЕДУТ РЕСТАВРАЦИЮ СВЯЩЕННОГО КОРАНА

Министр культуры и спорта Асхат Оралов в своем Telegram канале рассказал о церемонии передачи ценной рукописи, передаем DKNews.kz.

«Сегодня состоялось по-настоящему историческое событие. Духовному управлению мусульман Казахстана был передан Священный Коран, принадлежавший хану Кенесары. Я посетил торжественную церемонию передачи ценной рукописи, которую великий хан получил от выдающегося религиозного и общественного деятеля Марала Ишана.

Новость о возвращении священной книги на родину впервые сообщил Глава государства Касым-Жомарт Токаев во время второго заседания Национального курултая в Туркестане. В течение двух столетий Коран хана Кенесары передавался из рук в руки и был вывезен за границу. Президент заявил, что возвращенная благодаря поддержке меценатов рукопись будет передана ДУМК. Сегодня это наконец произошло.

Государственный советник Ерлан Карин вручил священную книгу Верховному Муфтию Казахстана Наурызбаю кажы Таганулы. После молитвы Верховный Муфтий поместил реликвию под стекло. Сама рукопись имеет оттиски печатей Марала Ишана и хана Кенесары, а ее подлинность была доказана рядом отечественных и зарубежных ученых.

Впереди Министерство культуры и спорта ожидает большая работа. Сначала Национальный центр рукописей и редких книг при МКС РК проведет реставрацию священной книги. После этого будут сделаны 4 копии рукописи, а осенью реликвия должна занять свое почетное место в Мавзолее Ходжи Ахмета Яссауи в Туркестане.

Возвращение Священного Корана хана Кенесары — важнейшее для нашей культуры, истории и науки событие. Эта реликвия является общим для всего народа Казахстана достоянием, поэтому на наших плечах лежит большая ответственность по сохранению этого ценного элемента духовного наследия».

Асхат ОРАЛОВ.

НОВИНКИ

ДЛЯ КОГО ПОДОРОЖАЕТ ВЫДАЧА ПАСПОРТА

В Казахстане будет изменена стоимость выдачи паспортов и удостоверений личности. О том, сколько должны будут платить за эти услуги граждане страны в следующем году, узнали журналисты NUR.KZ.



В Налоговый кодекс РК были внесены поправки, которые касаются размеров госпошлин за выдачу паспортов и удостоверений личности гражданам Казахстана. Для некоторых получателей стоимость паспорта в результате увеличится, а для других — снизится.

На данный момент госпошлина за выдачу паспорта для всех составляет 8 месячных расчетных показателей (МРП) или 27 600 тенге в 2023 году. А с 1 января 2024 года она будет дифференцирована. Так за паспорт гражданина РК объемом в 24 страницы, который будет доступен только для детей до 16 лет, нужно будет заплатить 4 МРП, что в 2023 году равно 13 800 тенге. Это сразу в два раза меньше текущей ставки.

Паспорт, состоящий из 36 страниц, по-прежнему будет стоить 8 МРП (27 600 тенге). Получателям также станет доступен документ объемом в 48 страниц. Его можно будет оформить за 12 МРП (41 400 тенге). Отметим, что в 2023 году 1 МРП равен 3 450 тенге, однако в новом 2024 году он скорее всего будет увеличен, а значит, и стоимость оформления документов также вырастет.

В обновленном законе также была предусмотрена госпошлина за переоформление удостоверения личности в связи с его утратой более двух раз за один год. За это нужно будет заплатить 1 МРП. Впрочем, размер госпошлины за саму выдачу удостоверения личности останется прежней — 0,2 МРП (690 тенге в 2023 году).

Таким образом, со следующего года оформление паспорта станет дороже лишь для некоторых категорий граждан, например, для тех, кто часто находится в заграничных поездках и кому нужен более объемный документ. При этом сразу в два раза уменьшится госпошлина за оформление паспорта для детей.

ЗДОРОВЬЕ

КАК ТЕЛЕФОН ВЛИЯЕТ НА ПСИХИКУ ДЕТЕЙ

Детский психиатр алматинского Центра психического здоровья Алия Маликовина рассказала, как именно телефон влияет на психику детей, передает Tengrinews.kz со ссылкой на Massaget.kz.

По состоянию на май 2023 года на учете в Центре психического здоровья Алматы состоит 2425 детей. Среди них 1883 ребенка (3−15 лет) и 542 подростка (15−18 лет). Самые распространенные диагнозы у детей в центре — аутизм и шизофрения. Психиатр также сообщила, что в центре занимаются детьми только с 3-летнего возраста.

«Некоторые родители говорят, что замечали отклонения у ребенка в 1 или 2 года, ребенок не смотрит прямо в глаза и не обращает внимания при произнесении его имени. Но в психиатрии мы занимаемся с детьми только с 3 лет. Так как у малышей высокий потенциал к выздоровлению. Они только развиваются. Если есть задержка, необходимо поработать над этим, и вполне возможно, что они вылечатся», — сказал Алия Маликовина.

Специалист призвала родителей не давать детям гаджеты в раннем возрасте.

«Сегодня родители дают телефоны детям в раннем возрасте. Некоторые с 4−6 месяцев. Это неправильно. Некоторые родители хвастаются тем, что их ребенок выучил цвета или другие языки благодаря телефону, но ребенок усваивает их только механически. То есть его способность мыслить не развивается. Соответственно, они привыкли смотреть в телефон, не хотят взаимодействовать с другими детьми и не хотят разговаривать. Если у них отбирают смартфон, они проявляют агрессию, кричат или прыгают», — отметила психиатр.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

«МҰХАМЕДЖАНОВҚА» АУДАНДЫҚ АУРУХАНАНЫҢ АТЫ БЕРІЛСЕ...

КЕЛТЕ ҒҰМЫР, ҚАМШЫНЫҢ САБЫНДАЙ ҒАНА ЖАЛҒАН ДҮНИЕГЕ КІМДЕР КЕЛІП, КІМДЕР КЕТПЕДІ. ТІРІСІНДЕ СОЛ ЖАЙСАҢДАРДЫҢ БІРІНІҢ ҚАДІРІН БІЛДІК, ЕНДІ БІРІНІҢ ҚАДІРІН БІЛМЕДІК. ЖЫЛЫ СӨЗ АЙТЫП ЖҮРЕГІН ЖЫЛЫТҚАН, ҚАТТЫ СӨЗ АЙТЫП ҚАДІРІН ТҮСІРГЕН КЕЗДЕРІМІЗ ДЕ БОЛДЫ. ӘСІЛІ АДАМ БАЛАСЫ ЖЕР БАСЫП ТІРІ ЖҮРГЕНДЕ БІР-БІРІНІҢ ҚАДІРІН АСА ТҮСІНЕ БЕРМЕЙДІ. БАҚИЛЫҚ БОЛҒАНДА «ОУ, ЖАРЫҚТЫҚ-АЙ ЖАҚСЫ АДАМ ЕДІ, ТАЛАЙ ШАПАҒАТЫН КӨРІП ЕДІК, ЕЛЕУСІЗ, ЕСКЕРУІСІЗ ҚАЛДЫ ҒОЙ» ДЕП КҮРСІНІП ЖАТАДЫ. СОНДАЙ НАР ТҰЛҒАНЫҢ БІРІ ДЕ БІРЕГЕЙІ МҰРАТ МҰХАМЕДЖАНОВ ЕДІ. МҰРАТ АҒАНЫҢ ШАПАҒАТЫН, ШАРАПАТЫН КӨРМЕГЕН АДАМ КЕМДЕ-КЕМ ШЫҒАР. ҚОЙДАЙ ҚОҢЫР МІНЕЗДІ, АРДА АЗАМАТ ЕДІ. ҚАШАН КӨРСЕҢ АЙНАЛАСЫНА ТАҢ НҰРЫНДАЙ ШАШЫРАП ЖАДЫРАП ЖҮРЕДІ. ӨМІРДЕН ӨТКЕНШЕ АДАМ ЖАНЫНЫҢ АРАШАСЫ БОЛҒАН АРДАҚТЫ АҒАНЫҢ АЛАҚАНЫНЫҢ ШИПАСЫ ҚАНДАЙ ЕДІ, ШІРКІН! 1969 ЖЫЛДАН 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТ АТҚАРҒАН, МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ МҰРАТ МҰХАМЕДЖАНОВ НЕГЕ ЕЛЕУСІЗ, ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛДЫ ДЕГЕН ТОЛҒАҚТЫ ОЙ ҚОЛЫМА ҚАЛАМ АЛДЫРДЫ. ЕЛ – ЕРІМЕН, ЕР – ЕЛІМЕН МАҚТАНАТЫН ХАЛЫҚ ЕДІК ҚОЙ!

Терек бойлы, өн бойында артық еті жоқ, ашы тері алынған, бәйгеге жаратылған сәйгүліктей Мұрат Мұхамеджанов өз ісінің хас шебері еді. Қолы жеңіл, талай науқасқа ота жасаған, ажалдың аузынан алып қалып, бірінші Алла деп екінші асқынған кеселді кесіп тастап, өмір сыйлаған дәрігер жайлы талай адам тебірене айтқанын өз құлағыммен естігенмін. Өзімде сан мәрте көмек сұрап жүгіндім. Сонау 2000 жылдардың басында, тұрмыстық ахуал ауыл тұрмақ қаланың өзінде мәз емес еді. Ел-жұрт ала дорба арқалап, базар жағалап кеткен кез! Ашқұрсақ ауылда жоқшылық жайлаған уақытта анам қатты ауырды. Үйдегілер түзде жүрген маған айтпай, емдетуге қаражат тапшы болып, анамның ауруы асқынып жатып қалған. Тіпті әне-міне демі үзіледі деп оң жаққа жатқызып қойып, маған хабарласып, «тез кел, анаң ауыр жағдайда» деді. Ұшып-қонып барсам расында кетеуі кетіп қалыпты. Ас ішпейді. «Кім айтты сендерге өледі деп» дедім де жедел жәрдем шақырып, анамды аудандық ауруханаға әкелдім. Мұрат ағаға кіріп, жағдайды айттым. «Бауырым» деп орнынан ұшып тұрып, қабылдау бөлімінде зембілде жатқан анамның тамырын басып, дереу талдау (анализ) жасатты да, ауруханаға жатқызып, өзі екі-үш сағат сайын келіп бақылап тұрды. Анамның қасына мені жатқызды. Бір жетіден кейін анамның беті бері қарады. Әл жинаған соң қайтадан талдау жасап, хирургиялық кеселге тексеру жүргізді. «*Қорықпа бауырым, асқазанда кесел бар ма деп күдіктеніп ем, жаман ауру жоқ екен. Бәрі дұрыс тамақтанбағандықтан. Емдейміз, өмір сүреді*», – деді. Жиырма күн өзі емдом жасатып, бақылауға алып, ауруханаға зембілмен барған анамды қолыма жетектетіп жіберді. Одан кейін анам он екі жыл өмір сүрді. Үлкен бауырымда қан қысымы көтеріліп үйде құлапты. Тағы Мұрат ағаға қоңырау шалдым. Көкталға білікті дәрігерлерді жіберіп, өзі бақылауға алып, ағамды аяғынан тұрғызды. Әрине, көрер жарығы болған ғой. Алайда мүлдем сал болып қалуға жол бермеді. Бір аяқ қолы тартылып қалса да, емдеу шарасын жалғастырып бауырым өз аяғымен біртіндеп жүруге келді. Қолы сәл икемге келді. Аллаға шүкіршілік айттық. Ол бауырымда он жылға жуық өмір сүріп 70-ке қараған шағында бақилық болды. Сол арада Мұрат Мұхамеджановтың өзінен айырылып қалдық. Қаншама адамға өмір сыйлаған, кеселінен айықтырған ардақты, абзал дәрігердің игілікті ісі кейінгіге үлгі-өнеге болды. Ол кісі қарапайым дәрігерден аурухананың бас дәрігеріне дейінгі сатыда адамгершіліктен бір танбаған адам. «Мен бастықпын» деп кеуде кермеген, қол астындағыларды алаламай бірдей қамқорлық жасаған Мұрат ағаның өмірден өткеніне де үш жылдың жүзі болыпты. 1978 жылдан 2008 жылдары Панфилов аудандық бас дәрігері, одан кейін 2020 жылдан өмірінің соңына дейін бас дәрігердің орынбасары қызметін атқарды. Әйгілі жазушы Шерхан Мұртаза: «*Дәрігердің үш қаруы бар: бірі – пышақ, екіншісі – шөп, үшіншісі – жылы сөз*» деген. Осы үш қарудың екеуі Мұрат ағаның бойында болды. Медицинаның негізін қалаушылардың бірі Ибн Сина**:** *«Науқас адам дерт пен дәрігердің ортасында тұрады. Егер ол дәрігерді жақтаса, екеулеп дертті жеңеді. Ал егер науқас дерт жаққа шықса, ол екеуі бірігіп дәрігерді жеңеді»* деп тәмсілдеген. Мұрат Мұхамеджанов та науқасқа «Сіз *мені жақтауға міндеттісіз, екеулесек дертті жеңіп шығамыз»* деп айтқаны айдан анық. Саусағының шипасы бар, асқынған кеселдер мен сан мәрте бетпе-бет келген дәрігердің өмірден өткеннен кейінгі екінші ғұмыры жалғасуы тиіс. Оны жаңғыртатын да, ер есімін ел жадында мәңгі қалдыратын да туған өлкесі, жергілікті билік өкілдері. Шынымен өзі жоқтың көзі жоқ болғаны ма? Мұрат Мұхамеджановтың есімі неге көлеңкеде қалып қойды?! Елеусіз, ескерусіз қала бере ме?! – деген көптің сауалымен Панфилов ауданы әкімінің идеология жөніндегі орынбасары Қанат Нүркешұлы Досмайловқа қоңырау шалдық.

«Мұрат Мұхамеджановты біз елеусіз қалдырмаймыз. Осы кісі мен қатарлас замандас, бірге қызмет жасаған Рақыш Бірімқұлов бар. Осы екі тұлғаның есімдерін мемориалды тақтайшаға жазу үшін, құжаттар Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына жіберілді. Сол жақтан құжаттар келсе, Рақыш Бірімқұловтың есімі аудандық емханаға, ал Мұрат Мұхамеджановтың есімі аудандық аурухананың қабырғасындағы тақтайшаға жазылатын болады. Мұрат Мұхамеджановтың есімін аудандық ауруханаға беру үшін бес жыл күтуіміз керек, оның үстіне ол кісі «Ұлы Тұлғалар» тізіміне қосылмаған оған да құжаттар рәсімделіп жатыр. Осы тіркеуден өткен соң оның құжаттарын ономастикаға жібереміз. Сол жақтан әрі республикалық сатыдан өтіп келу керек. Сонан соң бес жылдан кейінгі мерзімде қаралатын болады» – деді аудан әкімінің орынбасары Қанат Нүркешұлы.

Бұған біздің де алып қосарымыз жоқ. Араға уақыт салып бұл да ретке келер. Ердің есімі еленер, жақсының өнегесін дәріптеуге, атын мәңгі есте қалдыруға аурухана есімі берілсе деген азаматтардың да қозғау салып жатқанына түсініспен қарауға тырыстық.

Тоқтарбай КЕРІМҚҰЛОВ: – *Еліміз тәуелсіз алған алғашқы күндері мемлекетіміздің экономикалық жағдайы өте қиын болды. Барлық сала, соның ішінде медицина саласыда үлкен дағдарысты бастан кешірді. Міне, сол жылдары Мұрат Мұхамеджанов ауданымыздың орталық аурухана сында бар күш жігерімен, адал қызмет етіп, ел алдында жақсы абырой тапты. Сол қиын жылдары халықтың көңілінен шығып, елдің махаббатына бөленді. Ауданымызда жеті жастан жетпіс жасқа дейін бәрі Мұрат ағаны біледі десем артық айтқандық емес. Мұраттың қайырымдылығы, адамдар мен қарым-қатынастағы жылулығы, шыдамдылығы мен төзімділігі, қажымас қайраты мен еңбекқорлығы үшін, кәсібілігі үшін өте құрметтеймін. Оны халық та бәрі қуана қабылдайтынына сенімім зор. Оның Гиппократтың мына бір сөзін келтіріп айтқан әңгімесі әлі есімде. «Ежелгі грек дәрігері, философ былай деген: Дәрігер науқастың өзіне жүгініп, ауру туралы пайымдауды және түсініктемені емес, көмек күтетінін ұмытпау керек». Сол үшін науқасқа әрқашан дәрігерлік және психологиялық көмегін дайын болу керек. Дәрігер – арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадай мейірімді болуы керек деген ата-бабамыздың айтқан ұлы да ұлағатты сөздері бар. Пандемия кезінде өзінің білімін, тәжірибесін тұрғындардың денсаулығы үшін сарп етіп еңбек етті. Өкінішке орай індетпен арпалысып жүріп, өзі ажал тырнағынан құтыла алмады. Күллі елі құрметпен ақтық сапарға шығарып салды. Осы еңбегі бағаланып бұйырса алдағы уақытта Мұрат Мұхамеджановтың есімін орталық аурухана беру керек деп санаймын. Оның еңбегі, халыққа тигізген пайдасы, ауруханадағы азапты жолдары осы құрметке лайық.*

Ағамыз бар еді ақеділ

Ақмарал МЫРЗАТАЙҚЫЗЫ, ардагер инфекционист-дәрігер: – *Жаны ағы жақсы адамдардың қасында жүргесін тірі кезінде қадірлеп, құрметтеп, бағалай алдық па, жоқ па осы жағы кейде өкіндіреді. Бірақ кеш емес шығар. Өйткені ағаның есімін аурухана беру керек. Еңбектің еленгені, жақсының атының өлмейтінін солай ғана көрсете аламыз. Пәни жалғаннан бақилыққа өтіп кеткесін ғана саныңды соғасың да қаласың. Әттең, бір қапыл дүние-ай. Бүгінде осылай күйікпен еске алар ақеділ азаматтың бірегейі марқұм Мұрат Мұхамеджанов ұзақ жыл бір салада қызмет жасасқан біз сияқты соңынан ерген іні-қарындастарын жақсы, таза, адал жолға қоя білді. Кішішыған дәрігерлік амбулаториясына алғаш жұмысқа орналасқан күннен бастап, құрметті еңбек демалысына шыққанға дейінгі жолымызда осы «ақ еділ ағаның», білікті маманның әкелік қамқорлығын көп көрдік. Бай істәжірибиесінен үлгі алып, зердемізге тоқыдық. Өз ісінің білгірі Мұрат аға туралы айтарым өте көп еді. Бірақ өмірден өтіп кеткен ағаны ойлаудың өзі қазір қиындық тудырады екен. Иә, өткен шақпен қиын-ақ. Амал нешік көндігесің, көнесің. Ағамыздың жарқын бейнесі жадымызда сақталатыны анық. Рухы биік азаматтың алды жарық болсын, жатқан жері жәннәт, жамылған топырағы жұмсақ болсын! Мұрат Мұхамеджановтың есімін аудандық аурухана беруге лайық деп есептеймін.*

Өнегелі өмір жолдары

Төлеу САРПЕКОВ: – «*Өлді деуге бола ма, өлмейтұғын артында із қалдырған» деп ақындар жырлағандай, Мұрат Мұхамеджанов саналы ғұмырын өзінің таңдап алған мамандығы дәрігер, ақылды ұстаз, тәлімгер, білікті басшы ретінде ауданымыздың тұрғындарының денсаулығын нығайтуға арнады. Мен үшін, өзімнің өмір жолымда, алғашқы еңбек күндерімді 1990 жылдары Мұрат Мұхамеджановтың берген батасымен бастағаным ұмытылмас сәттер. Еңбек жолымның алғашқы күндерінен бастап ағалық ақылын айтып, тәрбиеледі. Қазақта жақсы бір аталы сөз бар «Бұлақ көрсең, көзін аш» дегендей, 1998 жылы наурыз айында емханада науқастарды қабылдап отырған едім, хатшы келіп бас дәрігер кабинетіне шақыртып жатқанын айтты. Мен не үшін шақыртты екен деп ойлана отырып кабинетіне бардым, кабинетінде аурухананың кәсіподақ ұйымының төрағасы Әлпейісов Тұрысбек Тоқтақынұлы екеуі отыр екен, орнынан тұрып жаныма келіп жағдайымды сұрады, жұмыс істегеніңе 8 жыл болды, біраз уақыт болды байқап жүрмін тәжірибе жинадың, білемін студент болып жүргеніңде де қоғамдық жұмыстармен айналыстың, сондықтан біз ақылдасып, сені өзіме емдеу ісі жөніндегі орынбасар ретінде тағайындайын деп отырмын, ертең ертеңгісін жалпы жиналыста ұжымға таныстырамын деп, менің қолымды ұстап тұрып, ойланатын ештеңе жоқ, қолыңнан іс келеді, саған үлкен сенім артып отырмыз деп батасын берді. Ағалық ақылмен, көрегендікпен берген батаның арқасында үлкен өмір жолымды бастап кеттім, ұдайы ақылып айтып, басшылық қызметтің қыр-сырына баулыды. Мұрат ағамен бірге тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап өмірінің соңғы күндеріне дейін «Саламатты Қазахстан», «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды бірлесіп, ақылдасып атқардық. 1999-2002 жылдары орталық аурухана емханадан бөлінгенде бас дәрігерлік қызметке ұсынды, 2008 жылы зейнеткерлікке шыққанда Мұрат ағам ақ таяғын маған сеніп табыстады, мен бас дәрігерлік қызметімде Мұрат ағаның ақылына құлақ түріп жүрдім, кез келген отырыстың төрінен орын алды, сыйлы болды. Ауданымыздың денсаулық саласын қалыптастырып, көптеген мамандарды тәрбиеледі, өшпестей із қалдырды. Осы ауданға және аурухана саласына сіңірген еңбегі үшін орталық аурухананың атын Мұрат ағамен атаса деп ойлаймын.*

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕГІ ҚҰРТ

ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕН ЖЕГІ ҚҰРТТЫҢ ЖҰЛЫНҒА КІРІП АЛҒАНЫ СОНДАЙ ОТАМЕН СЫЛЫП ТАСТАЙ АЛМАДЫҚ. ЖЕТІ БАСТЫ АЙДАҺАРДАЙ БІР БАСЫН ШАПСАҢ ЕКІНШІ, ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ БАСЫ СОПАҢ ЕТІП ШЫҒА КЕЛЕДІ. ЖҰМЫРТҚАСЫН КЕҢГЕ ЖАЙҒАНЫ СОНДАЙ ҚЫЛ АЯҒЫ МЕКТЕП ПЕН ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫНЫҢ ТАМЫРЫНА ҰРЫҚ ШАШЫП ҚАРА СОРАДАЙ ҚАУЛАП ТҰР. ОТЫЗ ЖЫЛҒЫ ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ОМЫРТҚАСЫМЕН ЖҰЛЫНЫНА ҰЯЛАҒАН КЕСЕЛДІҢ ТАМЫРЫН ҚИЫП ТАСТАЙТЫН ЕМ-ДАУА ҚАЗІРГЕ ТАБЫЛМАЙ ТҰР. ЖОҒАРҒЫ ЭШАЛОННАН БАСТАУ АЛҒАН ЖЕГІ ҚҰРТ ЕТЕКТЕГІ ЕСТІЛЕРДІ ЕСІРТКІДЕЙ ЕЛІРТІП ТҰР. КӨЗДЕРІ ҚЫЗАРҒАНДАР БЮДЖЕТ ҚАРЖЫСЫН МИЛЛИОНДАП, МИЛЛИАРДТАП ЖҰТЫП ЖАТЫР.

ӘРУАҚҚА АҚША АУДАРҒАН БУХГАЛТЕРЛЕР

Әу баста балық басынан шіріген соң не дауа. Елді ауызбірлікке, тазалыққа, ысырапқорлыққа, бөтеннің мүлкіне көз алартпауға, адалдыққа баулиды деген көсемнің өзі ағайын туысын жарылқап, шексіз байлыққа кенелтіп, қара су ішіп қалған халыққа екі сиыр асыраңдар деп тепсінгенде «мың асқанға бір тосқан» түбі бір болады-ау дескен жұрт. Бюджет қаржысымен қазба байлықты талан-таражға салғандардың алды бүгінде түрмеде отыр. Жемқорлықтан көздеріне шел бітіп, халыққа шекесінен қарағандардың тәлім-тәрбиесі «мұрның барда бір сіңбір», «қолыңнан келсе қонышыңнан бас» дегенге саяды. Жоғарғының қамқарекеті, көзбояушылығы төменге жұғысты болды. Бүгінгі қоғамда жемқорлық пен былғанбаған мекеме жоқ. Айды аспанға шығарып мектеп пен медицина саласы жемқорлықтың алдына шығып кетті. Ебін тапқан есепшілер тірі түгіл әруақтардың атына ақша аударып, қара бастарының қамын күйттеген. Талдықорған қаласындағы білім жүйесіндегі заңсыздықтан соң республика көлеміндегі барлық білім ошақтары жаппай тексеруге алынды. «Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей, жемқорлықтың жеті атасы білім ошағы мен медицина саласында жатқанын жемқорлықпен күресетін мекеме сыбайластардың сазайын тарттырып жатыр. Ақпарат құралдарының бетін бермей тұрған да осы екі сала. Күнде еститінің мектеп пен балабақша, медицина саласындағы жемқорлықтың шегінен шыққаны. Мемлекеттік бюджетті май шелпекке айналдырғандар түрлі схема құрып, қаржы жымқыруды әдетке айналдырған. Мемлекеттен бұл салаға барлық әлеуметтік баптарының үштен бірі бөлінеді. Осыған байланысты жемқорлықтың үлкен фактісі де осы салада болып тұр. «Алатау» қоғамдық-саяси газеті ұдайы осы жемқорлық саласын нысанаға алып келеді. Жемқорлыққа қатысты соңғы бірнеше жылда білім жүйесінде жемқорлық бабы бойынша 143 адам сотталған. Бұл республикалық масштаб бойынша мемлекетке келтірілген шығын – 11 миллиард теңге. Бұл соманың жартысы өтелген дейді құзырлы орган өкілдері. Мәселен, Ақтөбеде оқу орнының қаржы қызметкері 1 жыл ішінде өзінің шотына 200 миллион теңге аударған. Алматыда да қалалық мектептердің бірінің бухгалтері 193 миллионға жуық ақша ұрлаған деп хабарлаған болатын «inbusiness.kz» сайты.

«Жымқыру фактілері анықталған объектілер бойынша мемлекеттік аудит органдары бұрын тексерулер жүргізген, бірақ қандай да бір себептермен мұндай заң бұзушылықтарды ешкім байқамаған. Алматы облысында тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторы ұсталды. Ол пара алғанын мойындады және қазір айыпталып жатыр», – деді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағали. Жемқорлардың арсыздығын дәлелдеген сыбайлас жемқорлықпен күресетін мекеме қызметкерлері қайтыс болған адамдардың атына ақша аударып алып отырғандарды айғақтаған. Бұл қылмысты республика бойынша жемқорлыққа шатылған барлық мектептерде байқалған. Енді осы келеңсіздікті болдырмау үшін сарапшылар қайтыс болған адамдардың жалақысын аудару қылмысына қатысты барлық мектептерде «Face-ID» жүйесін орнату арқылы шешуге болатынын айтуда. Мектептегі бухгалтерлік есеп жүйелерін оқу-ағарту министрлігінің базаларымен біріктіру білім беру саласын басқа сыбайлас жемқорлық схемаларынан арылтуға көмектеседі дейді.

«*Білім басқармасы бұл бастамаларға қарсы шығады. Мен «Face-ID» жеткізетін нарық қызметкерлерімен сөйлестім. Олар білім басқармасы бұл нарыққа кіруге мүмкіндік бермейтінін айтты. Себебі білім басқармасының қызметкерлері мектептерде мұғалім қатарында тұр. Олар – уәкілетті орган, мектептерді бақылайды, тиісінше, бірде-бір директор оларға ештеңе айта алмайды*», – деді «Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігінің атқару-шы директоры Дидар Смағұлов. Ал жоғары аудиторлық палата өкілдерінің айтуынша, сыбайлас жемқорлық проблемалары министрліктер мен әкімдіктердің жауапкершілігінің болмауынан туындайтынын айтуда.

«*Жалпы сипаттағы трансферттер ретінде берілетін ақша, яғни, жергілікті бюджетке түсетін субвенциялардың иесі жоқ және ол жай ғана жергілікті бюджетке айналады. Өңір әкімдігі оларды кез келген мақсатқа жұмсауға құқылы. Тиісінше, жоғары аудиторлық палатаның өкілеттігі жоқ*», – деді жоғары аудиторлық палатасының төрағасы Наталья Годунова. Жыл сайын желіндеп, қоздап жатқан жемқорлықтың үлкен фактісі Жетісу облысынан шыққанды. Облыс әкімі ақпарат құралдары және блогерлермен кездескенде бұл сауалдың алдынан кесе көлденең-деп шығатынын біліп, жемқорлыққа қатысты білім беру саласында қызмет еткен 16 адам ұсталғанын айтқан-ды. Қылмыстық топқа басшы және екі білім беру бухгалтері, сондай-ақ, 13 мектеп бухгалтері кірген. Бұлар білім беру жүйесіндегі қаражатты жымқырудың тұрақты қылмыстық схемаларын құрғанын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі хабарлаған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет білім беру жүйесіндегі жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізіліп, ведомствоаралық кеңесте талдау қорытындысын жариялаған. Агенттіктің мәліметінше соңғы үш жылда мемлекет білім беру саласын дамытуға 12,1 трлн теңге бағыттаған. Бұл 2021-2023 жылдарға арналған мемлекеттік бюджеттің бар-лық шығындарының 28%-ын құрайды.Әлеуметтік қолдау шараларына қа-рамастан білім беру саласы ең көп жемқорланған жүйе екенін айтты. Қоғамды дүр сілкіндірген тек қана Талдықорған қалалық білім бөлімі қызметкерлерінің өзі 2,5 жыл ішінде 4,4 млрд теңгені ұрлаған. Білім саласындағы жемқорлықтың асқынғаны сондай республиканың барлық аймағында есепшілер мен мектеп директорларының жеңұшынан жалғасқан сыбайластар бюджет қаржысын жымқырып келген. Қылмыстық схемалар құрған Алматы, Шымкент қалаларында, Қызылорда, Ақтөбе және Алматы, Жетісу облыстарында ең ірі жымқыру фактісі тіркелген. Жемқорлар жегенде де жілігін шағып майын сорып отырған. Айла-тәсілді қолданып, қызметкердің жалақысына оның лауазымына қарағанда әлдеқайда көп ақша аударған.

Жалақы мектепте мүлдем жұмыс істемейтін адамдарға аударылып, қызметкерлердің шоттарына жалақы есептеліп, ал төлемдерде басқа тұлғаның тегі көрсетілген. Бір адамға ақша аударымдарын бірнеше рет аударған. Олар ақшаны «өлі жандарға» – туыстары мен жақындарына аударған. Жоғарыда аталған барлық жымқыру әдістері бір схема арқылы жүзеге асырылған. Алдымен есепші төлем құжаттарын ведомстволық есеп жүйелерінен түсіреді. Әрі қарай қажетті түзетулер қолмен енгізіліп, бұрмаланған мәліметтері бар құжаттар кейін төлемге жіберілген.

Мұндай манипуляциялар мектептің аталған бухгалтерлік есеп жүйелері, Ұлттық білім беру базасы және Қазынашылық-клиент базасы арасындағы интеграцияның болмауына байланысты жүзеге асқан.

Осындай фактілерді болдырмау мақсатында кеңес қорытындысы бойынша уәкілетті органдар арасында білім беру саласындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі «жол картасына» қол қойылды.

Айта кетейік, «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, мұғалімдердің жалақысы екі есеге, ал ғылыми дәрежесі мен сабақтан тыс сабақтары болған жағдайда – үш есеге арттыруға мүмкіндік берілді. Білім саласынан «кем соқсақ, бізді жер соқсын» дегендей, жемқорлықтан медицина саласы да кем қалып тұрған жоқ. Ақмола облысы Көкшетау қаласының аурухана есепшісі 42 млн теңге ақшаны ұрлап әкетіп, 1,5 жылдан кейін ұсталған. Ведомствоның мәліметінше күдікті 2020 жылдың желтоқсаны мен 2021 жылдың шілдесі аралығында Ақмола облыстық туберкулезге қарсы диспансерінде бухгалтер-кассир болып жұмыс істеген. Ол біреудің электрондық-цифрлық қолтаңбасын заңсыз пайдалану арқылы шотынан шамамен 42 млн теңге сомасында ақшаны шешіп алып, кейін қашып кетіпті.

2021 жылдың шілдесінде Көкшетау қалалық полиция басқармасы Қылмыстық кодекстің 188-бабы 4-бөлігі 3-бөлімшесі (аса ірі мөлшерде ұрлық) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған. Іздестіру шаралары барысында күдікті биылғы жылдың 24 сәуірінде Павлодар қаласында ұсталған. Ақша көрсе ақылынан адасып қалатын бұл неғылған бухгалтерлер дейсің. Ақыретте жатқан әруаққа да маза бермей, сыбайластық жасаған жемқорларға дауа жоқ қой! Бүліктің бәрі бухгалтерлерден шығып тұр.

А. БҰЛҒАҚОВ

Сурет ғаламтордан алынды.

Дүйсенбі - Понедельник, 17 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00 Т/х «Ақпарат»
10.10 Жазықсыз жүрек
12.00 «Күйеу бала»
13.10 «Тұлға»
13.45 Көңіл толқыны
14.05 Апта
15.10 Дара
16.10 Анашым мені қалдырма
17.15 Ауылдастар
20.35 Ашық алаң
21.30 Үміт пен үрей
22.30 «Бауырлар»
23.20 Нартәуекел
00.35 Футбол
01.10 Сана
03.20 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Шайқалған шаңырақ»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
12.00 Мелек 2
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Виражи судьбы»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.25 Кішкентай келін
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика 2
10.10 Қарлығаш ұя салғанда
12.20 Осман т/х
13.20 Қара ниет
15.30, 23.45 Склифосовский-2
18.00 Узнай меня если сможешь
20.00 Астана таймс
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
22.50 Лакшми үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Көреміз»
09.00 Жить здорово
10.10 Мужское/женское
1.20 На самом деле
12.00 Знахарь
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Улица рабитых фонарей-15
00.50 Сериал
02.00 Диверсант.Конец войны
02.35 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 Кешкі жаңалықтар
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Алтын бақ
08.00 Жүрегімнің иесі
09.20 Игра судьбы
10.50 Моя чужая жизнь
15.00 Қара гүлдер
17.30 Махаббат ойындары
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Клятва врача»
00.00 «Ловушка»
01.50 Игра судьбы (повтор)
03.10 Бәрі есімде
04.00Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Ұлт ұяты»
11.40 «Әсем әуен»
11.50 «Саулықтың сыры»
12.00 «Әдебиет пен адамзат»
12.30 «Экорейд»
13.05 «Ел қамы»
13.30 «Қазақ үні»
14.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
14.25 «Жүрек сөзі»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жаyhарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 Д/ф «Кең ауқымда»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Елге қызмет»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Жанашыр»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Ризамын
08.00 31 әзіл
09.00 Жапырақтар төгілгенде
10.00 Құнсыз келін
11.00 Мультфильм
12.00 Мультфильм
12.40 Пассажиры
15.20 План побега 3
17.35 Ип ман
20.00 Информбюро
21.00 50/50 ток-шоу
22.00 Вулкан
02.00 «Анупама»
02.40 Сиситай
04.00 1001 әзіл
04.10 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Т/х Ата-ана, бала-шаға
07.30 Айна онлайн
08.00 Жайдарман
09.00 «Сильная женщина»
11.10 Семейные узы
14.30 Қыздар ай
15.40 Батл сөз
16.20 Әзіл тайм
17.00 Семейные узы
18.00 «Ниты судьбы»
20.00 Жена олигарха
21.00 Первая отрицательная
21.30 Шырғалаң тағдыр
22.30 Көзайым
23.30 Пәленшеевтер
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник,18 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00 Т/х «Ақпарат»
10.10 Жазықсыз жүрек
12.00 «Күйеу бала»
13.10 «Тұлға»
13.45 Көңіл толқыны
14.05 Апта
15.10 Дара
16.10 Самалмен сырласу
17.15 Ауылдастар
20.35 Ашық алаң
21.30 Үміт пен үрей
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 Футбол
01.10 Сана
03.20 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
12.00 Мелек 2
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.25 Кішкентай келін
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика 2
10.10 Қарлығаш ұя салғанда
12.20 Осман т/х
13.20 Қара ниет
15.30, 23.45 Склифосовский-2
18.00 Узнай меня если сможешь
20.00 Астана таймс
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
22.50 Лакшми үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Көреміз»
09.00 Жить здорово
09.50 Мужское/женское
10.20 На самом деле
12.00 Знахарь
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Улица рабитых фонарей-15
00.50 Сериал
02.00 Диверсант.Конец войны
02.35 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 Кешкі жаңалықтар
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Алтын бақ
08.00 Жүрегімнің иесі
09.20 Игра судьбы
10.50 Моя чужая жизнь
15.00 Қара гүлдер
17.30 Махаббат ойындары
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Клятва врача»
00.00 «Ловушка»
01.50 Игра судьбы (повтор)
03.10 Бәрі есімде
04.00Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.25 «Жанашыр»
11.50 «Саулықтың сыры»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «AgroLife»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Елге қызмет»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жаyhарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Ән тыңдайық»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 Д/ф «Кең ауқымда»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Алаш таңы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Ризамын
08.00 31 әзіл
09.00 Жапырақтар төгілгенде
10.00 Құнсыз келін
11.00 Мультфильм
12.00 Мультфильм
12.40 Пассажиры
15.20 План побега 3
17.35 Ип ман
20.00 Информбюро
21.00 50/50 ток-шоу
22.00 Вулкан
02.00 «Анупама»
02.40 Сиситай
04.00 1001 әзіл
04.10 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Т/х Ата-ана, бала-шаға
07.30 Айна онлайн
08.00 Жайдарман
09.00 «Сильная женщина»
11.10 Семейные узы
14.30 Қыздар ай
15.40 Батл сөз
16.20 Әзіл тайм
17.00 Семейные узы
18.00 «Ниты судьбы»
20.00 Жена олигарха
21.00 Первая отрицательная
21.30 Шырғалаң тағдыр
22.30 Көзайым
23.30 Пәленшеевтер
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 19 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00 Т/х «Ақпарат»
10.10 Жазықсыз жүрек
12.00 «Күйеу бала»
13.10 «Тұлға»
13.45 Көңіл толқыны
14.05 Апта
15.10 Дара
16.10 Самалмен сырласу
17.15 Ауылдастар
20.35 Ашық алаң
21.30 Үміт пен үрей
22.30 «Бауырлар»
23.20 «1001 түн»
00.35 Футбол
01.10 Сана
03.20 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Мегахит»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
12.00 Мелек 2
14.00 «Айналайын»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Кто ты?»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.25 Кішкентай келін
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика 2
10.10 Қарлығаш ұя салғанда
12.20 Осман т/х
13.20 Қара ниет
15.30, 23.45 Склифосовский-2
18.00 Узнай меня если сможешь
20.00 Астана таймс
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
22.50 Лакшми үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Көреміз»
09.00 Жить здорово
09.50 Мужское/женское
10.20 На самом деле
12.00 Знахарь
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Улица рабитых фонарей-15
00.50 Сериал
02.00 Диверсант.Конец войны
02.35 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 Кешкі жаңалықтар
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Алтын бақ
08.00 Жүрегімнің иесі
09.20 Игра судьбы
10.50 Моя чужая жизнь
15.00 Қара гүлдер
17.30 Махаббат ойындары
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Клятва врача»
00.00 «Ловушка»
01.50 Игра судьбы (повтор)
03.10 Бәрі есімде
04.00Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.30 «Алаш таңы»
11.50 «Саулықтың сыры»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 Д/ф «Кең ауқымда»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жаyhарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Ділмар»
17.40 «Әсем әуен»
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Архивтегі ақиқат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Ризамын
08.00 31 әзіл
09.00 Жапырақтар төгілгенде
10.00 Құнсыз келін
11.00 Мультфильм
12.00 Мультфильм
12.40 Пассажиры
15.20 План побега 3
17.35 Ип ман
20.00 Информбюро
21.00 50/50 ток-шоу
22.00 Вулкан
02.00 «Анупама»
02.40 Сиситай
04.00 1001 әзіл
04.10 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Т/х Ата-ана, бала-шаға
07.30 Айна онлайн
08.00 Жайдарман
09.00 «Сильная женщина»
11.10 Семейные узы
14.30 Қыздар ай
15.40 Батл сөз
16.20 Әзіл тайм
17.00 Семейные узы
18.00 «Ниты судьбы»
20.00 Жена олигарха
21.00 Первая отрицательная
21.30 Шырғалаң тағдыр
22.30 Көзайым
23.30 Пәленшеевтер
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БАСПАНА

ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚЫЗУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Жаркент қаласында 60 пәтерлі көпқабатты 2 үй салынуда, одан басқа баспана кезегіндегілер үшін тағы 80 пәтерлі тұрғын үй құрылысы басталды.

Алғашқы аталған 2 тұрғын үй құрылысын «Құрылыс индустрия компаниясы» ЖШС салып, қазір құрылыстың 65 пайызы аяқталды. Мұнда 58 жұмысшы еңбек етеді, 3 техника қолданыста.

– *Жұмыс сапасы құрылысшылардың біліктілігіне байланысты. Бізде жалпы 12 тас қалаушы бар, солардың арасында Тәңірберген Әлімбаев, Сәкен Сейітжанов, Мақсат Қастеев сынды еңбеккерлер шеберлігімен ерекше қырынан танылуда* – дейді прораб Ерлан Қарсақбаев.

Бұл үйлердің айналасын көріктендіру мен инженерлік-коммуникациялық жүйесін «Гарант строй групп – 2016» ЖШС атқаруда. Құрылыс бұйымдары бағасының күрт көтерілуіне және Алматы облысының бөлінуіне байланысты жыл басында жұмыс біраз уақыт тоқтап, құрылыс жобасына қосымша қаржы қарастырылды.

Екінші нысандағы 80 пәтерлі тұрғын үй құрылысын бастауға келісімшарт жасалып, құрылыс-монтаж жұмысы басталмақ. Аудандағы барлық құрылыстың сапалы әрі уақытылы атқарылуы құзырлы орындардың тұрақты бақылауында. Нысан пайдалануға берілгенге дейін кемшіліктер түзетіледі. Соңғы жылдары жыл сайын құрылысқа бөлінетін қаржы 300 млн.-нан 30 млрд. теңгеге дейін көбейді. Нәтижесінде Жаркент көріктеніп, өсіп, гүлденуде.

М. НҰРСЕЙІТ.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ

ӘЛЕУМЕТТІК ИДЕЯЛАР МЕН ЖОБАЛАР ЖӘРМЕҢКЕСІ

БАЙҚАУ

ҮЕҰ-ның консалтинг орталығы және облыстық қоғамдық даму басқармасының мұрындық болуымен «Әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесі – 2023» байқауы өтті.

Конкурс екі кезең бойынша өтті. Алғашқы кезеңде құжаттарды қабылдаса, екінші кезеңде үздік он жоба анықталды. 19 мамырда конкурс комиссиясының отырысы өтіп, ашық дауыс беру арқылы жеңімпаздар анықталды.

Нәтижесінде Текелі қаласының 3 жобасы байқау жеңімпазы атанды. Солардың бірі – Текелі қаласындағы «Мамания» шығармашылық мектебі» қолөнер этноорталығы. Олардың сөзінше байқаудан жеңіп алған қаражатқа орталыққа келген балалар мен олардың ата-аналарына тігіншілік дағдыларын дамыту үшін құрал-жабдықтар сатып алмақшы.

– *Орталықтың жаңа құрылғанына қарамастан біз 2021-2022 жылы республикалық «Жомарт жүрек», «Жылдың үздік ұйымы», «Үздік бірлестік», «Үздік әлеуметтік жобалар – 2022» байқауының жеңімпазы атандық. Біз 150-ден астам ауқымды іс-шаралар – көрме, этнофестиваль, жәрмеңке, форум, экосенбілік өткізіп, халықаралық және республикалық этнофестивальдарға қатысамыз. Сонымен қатар, шеберлік сабақтары мен «Заттарға екінші өмір сыйла», «Дармарка» жәрмеңкелерін тұрақты ұйымдастырып жүрміз. Біз балаларымызды жан-жақты дамытып, білім беруге тырысамыз*, – дейді Текелі қаласы «Мамания» шығармашылық мектебі» филиалы «Алтын адам» шеберлер орталығының директоры Наталья Пак.

Байқаудың мақсаты – үкіметтік емес ұйымның әлеуетін арттыру, өзекті және әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешу, азаматтық бастамаларды қолдау.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

ТУРИЗМ

СТАМБҰЛДЫҢ АНАДОЛЫ БӨЛІГІ: САЛҚЫН ӘРІ ТЫНЫШ



Әлемдегі ең ірі мегаполистердің бірі – Стамбұлдың басқалардан ерекшелігі бар. Шаhарда еуропалық және азиялық мәдениеттер үйлесім тапқан, өткені мен бүгіні тоғысқан. Стамбұлда әлемге әйгілі көрнекті орындар көп. Анадолы жағасы немесе Азия құрлығындағы бөлігі тыныш әрі қоңырсалқын, табиғаты сұлу, тарихи көрнекті орындар көп, түнгі өмірі қызықты, дәмді тағамдары мен көптеген сауда орындары бар. Егер көргіңіз келсе, қаланың Еуропа жағынан Мәрмәр теңізі арқылы пароммен Босфор бұғазын кесіп өту керек.

Стамбұл Ханзада аралдарының таңғажайып аурасы бар

Стамбұлға жақын орналасқан Ханзада аралдары – арал өмірінің тыныштығы мен Стамбұлдың сән-салтанатын сезінгісі келетіндер үшін тамаша жер. Мәрмәр теңізінің ортасында, Стамбұлдың Анадолы жағынан алыс емес жерде, Ханзада аралдары әдемі табиғатымен, салқын самалымен, тарихи сарайларымен танымал. Ол жерлерде Түркияның ең танымал ақын-жазушылары, қоғам қайраткерлері өмір сүрген.

Үскүдардағы паромнан түсіп, тура Анадолы Хисарына бет алғаныңызда жүздеген жылдардан қалған әдемі аудандар мен әсем ғимараттарды көресіз. Сіздің алғашқы аялдамаңыз Кузгунчук Босфор бұғазының арасында тізілген түрлі-түсті ғасырлық ғимараттарымен, алып шынарларымен, көкөністер мен жемістер әлі өсетін тарихи бақтарымен, шіркеуімен, синагогасымен және мешіттерімен, сондай-ақ тамаша дәмханаларымен таң қалдырады. Стамбулдың Босфордағы ең көне аялдамаларының бірі – Бейлербейі жағалауы және тарихи сарайымен келушілерді таң қалдырады. Екі жақты байланыстыратын көпірдің дәл астында орналасқан Бейлербей сарайы осы аймақтың символына айналған.

Сарай келушілерді Босфорға қарайтын орналасуымен, шығыс пен батыс стильдерін үйлестірген сәулетімен және жыл мезгілдеріне қарай өзгеретін атмосферасымен таң қалдырады. Өскідардың тағы бір тарихи ауданы Ченгелкөй көптеген адамдарға жағалау сызығымен және көпір мен Босфорға қарайтын шағын тарихи шай бақшасымен танымал. Бұл шай бақшасы түрік шайын симитпен ішуге және Босфордың керемет көрінісін тамашалауға тамаша орын. Ченгелкөй сонымен қатар ғасырлар бой сан ұрпаққа қызмет еткен әсем сарайларымен, көркем аудандарымен және дәмді теңіз өнімдерімен, балық мейрамханаларымен танымал.

Кадикой: әлемдегі ең әдемі аудандардың бірі

Кадикөй Анадолы жағының ең танымал аймағы саналады. 2019 және 2021 жылдары екі рет «Әлемдегі ең салқын аймақтардың» бірі атанды. Соңғы жылдары кафелері, пабтары, мейрамханалары, шарапханалары мен таверналары бар Кадикөй Стамбулдың әлеуметтік орталықтарының біріне айналды. Қала ішіндегі сүйікті мекен – Кадикой сізді антиквариат дүкендерімен, музыкалық дүкендермен, ескі кітап дүкендерімен, ғасырлық дәріханамен және тіпті опера театрымен қарсы алады. Сәулетімен назар аударатын Сүреййуа опера театры Бахарие көшесінің қақ ортасындағы сәндік безендіру сияқты кешкі қойылымдар үшін қонақтарға есігін айқара ашады.

Жаяу немесе ностальгиялық трамвайда болсын, көшеде жүру сізді теңіз жағасындағы сән әлемінің әдемі иіріміне жетелейді. Мода Пиер кафесінде таңғажайып көріністері бар бір кесе шай немесе кофе ішуге болады. Немесе Моданы жергілікті тұрғындар сияқты сезінгіңіз келсе, жаздың жылы кешінде теңіз жағасында пикник жасап, күннің батуын осы жерден тамашалай аласыз.

Бағдат көшесі: жай ғана көше емес

Ұзындығы 14 шақырымдық Бағдат көшесі Анадолы жағындағы ең сәнді көше, сонымен қатар әлемдегі ең жақсы сауда бульварларының бірі ретінде белгілі. Кадыкөй мен Бостанжы арасында орналасқан көшеде көптеген жергілікті және халықаралық сән және дизайн брендтері орналасқан. Сыртта, терезеде сауда жасау кезінде ұзақ серуендеуден ләззат алатын жерде, сонымен қатар талғампаздан бастап жергілікті және халықаралық тағамдарға дейін іздеген барлық дәмдерді таба аласыз.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ӘҢГІМЕ

ӘНУЗАНЫҢ АЙЫБЫ

(Жеңіс жолында құрбан болған аналардың рухына арнаймын)

45-тің көктемі – соғыстың соңғы көктемі жылдағыдан ерте шықты. Наурыздың аяғына дейін сіресіп жатып алатын қар, ай туысымен көбесі сөгіліп, жылға-жылғаны суға толтырып тастады. Күн де шуағын аямай-ақ тұр. Жон арқасын тосып тұра қалған жанның бойына қан жүгіріп, алты ай қысқы суықтан секіп қалған сүйектері икемге келе бастайды.

Күнестеп тұрған біренсаран сиыр пышақ қырындай арқасына қонған сауысқанды да елең қылатын емес. Иті де, мысығы да тоқымдай ғана құрғаған жер көрсе жата қап аунай бастайды. Мамыражай тыныштық, баяу соққан самал жел, құстардың құйқылжыта салған әні – ғажайып бір баққа кіргендей көңілге желік бітіреді. Оның үстіне, ауылдың қақ ортасындағы бағанның басында саңқылдап тұрған радио сәт сайын майдан даласынан қуанышты хабар таратып, даңқты армиямыздың әні-міні Берлинді алатынын айтудан танбауда. Осы жеңісті жорықтың құрметіне еңбек өнімділігін арттырамыз деп міндеттеме алған колхозшылар көктемгі егіс науқанына қызу кірісіп кеткен-ді. Соқа сүйреткен арық-тұрақ өгіз бен атты отқа қойып, бригада түскі ас ішуге тоқтаған. Бір тілім нан мен бір тостаған көжесін демде тауысқан әйелдер бір жерге жиналып ап күбір-күбір әңгімеге көшті. Өсек-аяңнан аулақ жүретін, жер қозғалмаса қозғалмайтын Әнуза ғана бригададан жырақ кетті. Жырақтайтын себебі де бар еді...

– Әй, қатындар, не білгендерің бар? Осы Әнуза байғұс соңғы күндері неге кісікиіктеніп кетті? Тіпті жақындауды қойды. Амандассаң көзін жерден алмайды. Ернінің ұшымен әзер сәлем береді. Осы сормаңдай аман ба ана бәледен?

Онсыз да ішке сыймай, сұғанақтап сыртқа шыға алмай әркімнің ішінде жатқан мұздай сөзді лақ еткізген Әйкен, бәрінің жүзіне жорта сұраулы көзбен қарап тұр. Соны күткендей бәрі жан-жақтан қозы-лақша жамырай кетті:

– Осының бір бәлесі бар.

– Ой, сендер де бала құсап... Болған соң сөйтеді де.

– Түу, соны білмейсіндер ме?

– Ал, білсең айтшы. Не боп қалған екен?

– Бірақ, енді ол да емес шығар, білмеймін...

– Айтсайшы енді, біз де естиік.

– Айттым ғой бұл қатын сау емес.

Бәрінің сөзін тыңдап алған Әйкен айналасына ұрлана қарап, жаулығының екі ұшын тартыңқырап, сыбырлап қана:

– Өздерің бәрін біліп отырған бәле екенсіндер ғой. Бұлар қайтер екен деп сыр суыртпақтап отырсам тоқтата алмай қалдым ғой өзі.

Көздері көктемде күйлеген түлкінің көздеріндей ойнақшып кетіпті. Бәрін жанына шақырып алып:

– Мен білсем... мен білсем бұл қатын буаз! – деп, төтесінен қойып қалды.

– Тек! Құдай-ау, не дейді?

– Түу, бала болмашы, ашық ауыз.

– Бәсе, бәсе...

– Айта алмай жүргеніміз сол ғой.

– Масқара, қарабет болды деген осы.

– Ойбуй, қай бетімді...

Әнузаның мәселесін бригада болып талқылаған әйелдер мұнымен тоқтаған жоқ. Еркіне жіберсе бүгін тоқтайтын да түрі жоқ. Ошақта сөнгелі жатқан шаланы үрлегендей бірінен бірі қағып әкетіп, ғайбаттың отын маздатып жатыр.

– Әйкен-ай, ауылға кім кеп еді ол уақытта?

– Кім келуші еді, ауданнан өкіл келеді де.

– Қай өкіл? Ол арамтамақтар ауылға апта сайын келеді ғой.

– Бір оңған өкіл көрмеппін. Өңшең ақсақ-тоқсақ, қоқыр-соқыр, қыли, керең...

– Солардың қайсысы, Әйкен? Білсең айт енді.

– Оның несі құпия? Әлгі арақтан аузы құрғамайтын, теке сасып жүретін шырылдақ өкіл.

– Ойбай, атына міне алмайтын, мінсе түсе алмайтын, бойы бір қарыс, тілі сала құлаш албасты ма?

– Сол, сол. Осы қатындар да шыт-жаңа болып естен тана қалады екен. Сол күні кеш түсе биенің үстінде мойны қатпаған баладай басы былқ-сылқ етіп келе жатқанын бәрің көрдіңдер ғой.

– Көруін көрдік қой. Сол бәле ана түрімен бірдеңе тындырады дегенге сену де қиын.

– Ой, сендер оның Әнузаға жұтына қараған түрін көрген жоқсыңдар ғой. Екеуміз таразыда тары қаптап жатқанбыз. Ауданнан бұйрық кеп, қамбадан тары жіберетін күн ғой. Сол бұйрықтың орындалуына жауапты жаңағы өкіл екен. Көзі қой көрген қасқырдың көзіндей қызарған, мастығы лезде тарап кетті. Өз-өзінен жырқылдап күліп, сыпайы болғансып, қаптың бір шетін көтерісіп жүрді де қойды айналсоқтап. Қатындар, қазақ атаң бекер айтпаған:беттің әрі –арттың соры! Сұлулық біреудің бағына, біреудің сорына бітеді.

– Қысқарт!

Жер астынан шыққандай ащы дауыстан бәрі селк ете қалды. Жалма-жан жаулығын түзеп, жан-жағына қараған әйелдер тұйғындай түйіліп тұрған бригадир Есетті көрді.

– Қызылсырап қалған екенсіндер түге! Бейбақтың етін тірідей жеп. Кімнің басына қандай күн туарын білмейсіндер әлі. Не отырыс мынау шалжиып? Жиналыңдар, жұмысқа кірісіңдер!

Бір қолынан айрылып, майданнан тірі келгеніне тәубе қып жүрген Есет бригадир жұмысшыларын егіс алаңына қуып шығарды да, аулақ кеткен Әнузаны іздеп, жан-жағына күн салып қарап тұрды.

Бұл кезде Әнуза бір шоқ шидің арасында басын тізесіне қойып үнсіз ғана жылап отырған. Мойылдай қара көздерінен тарам-тарам аққан жас ақ бетінен сырғанап түсіп, қара жерге тырс-тырс тамады. Өксіген сайын қолдары дірілдеп өзіне бағынбай барады. Бойында қасық қан да қалмағандай сұп-сұр, денесі бір ысып,бір суып әлсін-әлі қалшылдап қояды. Кір шалмаған жаулығын жұлып алып жерге бір ұрды. Бұрымын білегіне бір, мойнына екі орап шарасыз, дәрменсіз күйде отыр. Әлсіз қолдарымен бұрымының ұшын тартып-тартып көрді. Жоқ, бұрымға буынып өлетін шама жоқ. Көзін жұмып, өміріне есеп бергендей әрнәрсені бір ойлайды. Ертеңін ойласа, алдағы өмірін елестетсе өзегі өртенердей. Өткені есіне түссе, ертегі әлеміне кіріп кеткендей шыққысы жоқ.

Сүйіп қосылған қосағы Темірбекпен бақытты еді. Темірбек аса білімді, оқыған жігіт болмаса да жігерлі, адал, өмірге құштар жан еді. Колхоздың жүгін өрге сүйреген еңбекшімін, бақытты болашақтың құрылысшысымын деп ойлайтын өзін. Бес жыл отасып бала сүймесе де арада дәнекердің жоқтығы еш сезілмеген. Сәби сүю алдағы уақыттың еншісінде шығар, Құдай берген күні болар деп жүргенде соғыс басталды. Темірбек алғашқылардың бірі болып әскерге шақырылды. Жары мен анасына «қош» деуге де мұршасы болмады. Ауданнан бәрін көлікке тиеп, бір топ ер азаматты облыс орталығына әкете барды. 43-тің күзіне дейін хат келіп тұрған. Сол қара күзден бастап хат тыйылды. Үш айдан соң қара қағаз келді. Дүние төңкеріліп, тіршілік тоқтап қалғандай болды. Әнуза мен енесі – қос мұңлық аңырап қала берді...

Колхоз жұмысшылары үйге ымырт үйіріле бір-ақ қайтады. Кетпен-күрек, асай-мүсей тиелген арбаға жегілген көтерем өгізді жетектеп Әнуза да ауылға ілби басып кіріп келеді. Өмірінің өзін әзер сүйреп жүрген Әнузаға өгізді сүйреу де бір азап. Қыстан әзер шыққан мал жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында отықпаған соң қайдан жүрсін. Төрт тағандап тұрып алады. Көн терісі таяқты сезбей ме, қанша ұрса да қозғалмайды. Әйтеуір бірде жетекетеп, бірде арбаны итеріп үйге жетті. Үйге кірсе енесі шам жағып, пешке шәйнек қойып қойыпты. Әр күні кешке осылай, Әнуза келген соң ғана шай ішіледі. Жалғыз адамға шай батпаған соң байғұс кемпір келінін сарғайып күтіп отырады. Бірақ, Әнузаның бүгін ештеңеге зауқы жоқ. Іле далаға қайта шықты. Жалғыз сиырды қамайтын қораға барып кірді. Қолына ілінгені сиырдың бас жібі болды. Жоғары қарап, жіп өткізіп байлайтындай бөрене іздеді. Сиырға су беретін астауды төңкеріп үстіне шыға бергенде аяқтың тықыры естілді. Әлдекім осы қораға келе жатыр. Жақындап қалды. Есіктің дәл алдына келіп тоқтады да жөткірініп бір қойды. Әнуза бірден таныды: бригадир Есет.

– Келін шырақ! Айналайын, айып етпе. Қораға беймезгіл уақытта кіріп бара жатқаныңды көрдім де амалсыз бұрылдым... Еейй, не дейін. Бұл да бір сынақ қой. Асығыстық қылма, ешкімнің аузына қақпақ бола алмайсың. Бұл қазақ саған өлген соң да тыныштық бермейді. Өсекті өліммен тыйған ешкім жоқ. Темірбектің ошағының отын өшірме. Елміз ғой, көппіз ғой, ортамызда бір жаман жүрер, жетілер. Сенің мұндай күйге түсуіңе, шындығына келгенде, бәріміз де кінәліміз. Сол күні сені жұмысқа шығарғаныма қазір өкінем... Кеше гөр... Ақылға кел, қалқам.

Осыны айтып Есет ұзай берді. Алғашқы ойынан айныған Әнуза сәл ойланып отырды да, өзі жайлы өсекті өрбітіп жүрген Әйкен абысынына бет алды. Әйкен де жұмыстан кеп, шайын алдына енді ала бергені сол еді. Бұның үйіне өмірі аяқ баспайтын Әнузаны көріп тосырқап қалды. Босағаға сүйене отыра кеткен Әнуза ернін тістеп, көз жасын бір сығып алды.

– Қайынағаның шаңырағына бұрын әдеп сақтағаннан келмеуші едім. Алыстан ғана сәлем салып, батасын алғанды бойға құт көретінмін. Бүкіл ел қадірлеуші еді жарықтықты. Ол кісінің көзі кеткен соң да әруаққа шет болмайын деп бұл үйге шақырусыз келмегем...

– Бүгін екі кеште не боп қалды? От алуға келмеген шығарсың?

Әйкен де шақылдап шабуылға дайындала бастады. Шайын құйып қойып, Әнуза не айтар екен деп күтіп отыр.

–Абысын, жаманат жерде қалады дедіңіз бе? Менің халімді біле тұрып осыншама сөз айтып, ауыл жұртынан сүйінші сұрағандай болыпсыз. Мені Құдайдың жазалағаны аз ба еді?

– Бұл Құдайдың жазасы емес, ойнақтап жүріп тапқан пайдаң!

– Не деп кеттіңіз? Сіз сол күні менің қасымда болдыңыз ғой. Өкіл келгенде екеуміз таразының басында едік. Сіз түзге шығам деп ұзап кеттіңіз, мен жалғыз қалдым ғой.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

– Өкіл сені көзімен ішіп-жеп бара жатқанын көріп тұрып ол жерде қалай қалам?

– Сонда сіз әлгі айуанның арам ойын біле тұра әдейі кеттіңіз бе?

– Ал, солай дейін ал! Не болады? Қайта қысыр боласың ба?

– Бетім-ай, мұныңыз сонда әдейі істелген иттік болды ма?

– Иттік дейсің бе, жесір қатынның сауабын алды дейсің бе, өзің біл!

– Қорғансызды қорлауды сауап дейсіз бе?

– Әй, басымды қатырмай шық үйімнен. Істеріңді істеп алып, енді менің күнә, сауабымды санауға кеп пе едің? Ойнас қалғанша артыңа ие бол одан да! Сосын барып сөйле!

Зіл батпан ауыр сөздердің салмағынан есеңгіреп қалған Әнуза жанарымен жер шұқып, бір нүктеге тесіліп ұзақ қарап отырды. Әлден уақытта Әйкеннің көзіне тура қарап тұрып:

– Абысын, білесіз бе... Сіздің боқ жеп, запыран құсатын аузыңыздан менің ойнас қылған астым таза! –деді. Сөз сүйегінен өтсе керек, Әйкен ұрттай берген шайын жұта алмай түкіріп тастады. Көзі аларып, қалшылдап «кет, кет!» дей берді.

* * *

Педучилищені үздік дипломмен бітіріп келген Сәрсенбек жұмысқа кіріскелі он-ақ күн болды. Аудандағы білім бөлімі оны ауыл мектептерінің біріне оқу-тәрбие ісін меңгеруші етіп тағайындаған. Мектеп ұжымы жақсы қарсы алды, жұмыс істеуге еш кедергі жоқ. Тек, бір оқушының тәртіп мәселесі қиын болып тұр. Сабақ үлгерімі нашар екені бөлек мәселе, ал, тәртібі тіпті қиын. Класс жетекшісі осы он күн ішінде алдына үш рет әкелді. Үшінші класста оқығанына қарамастан бұзықтықтың неше атасын көрсетіпті. Колхоз кеңсесі алдынан темекі тұқылдарын жинап шегетін, кластастарының қаламын ұрлайтын, киімін жыртатын, қыздардың үстіне сия төгетін Сапаров деген сотқар бала бүкіл мектептің бас ауруы көрінеді. Кабинетіне шақырып жеке сөйлесейін десе үндемейді. Мылқау бала сияқты мелшиеді де қалады. Анасы ертеден кешке дейін жұмыста, үйінде кәрі әжесі бар деп естіген соң, Сәрсенбек сол үйді бетке алып, оқушының әжесімен сөйлеспекке бел буды.

Қала өміріне үйреніп қалған Сәрсенбек үйге рұқсатсыз кіруге бата алмай есік қағып «үйде кім бар?» деп дауыстады. Төргі бөлмеден «бұ қайсың?» деген естілер-естілмес дауыс шықты. Аяқ киімін шешіп төрге озғанда қара киіздің үстінде шоқиып отырған кемпірді көрді. Мұны көре сап кемпір:

– Орыс құсап есік қағып тұрған кімсің? –деді.

– Апа, мектепке жақында келген мұғалім едім.

– Е, молда баламын деші.

– Жоқ, апа, мұғаліммін.

– Біздің заманымызда баланы молда оқытушы еді. Содан ғадет боп қалған да. Аман бол, аман бол.

Сәрсенбек қалтасынан қойын дәптерін алып, қарындашын да сайлап қойды.

– Апа, мен Сапаров деген оқушының мәселесімен келдім.

– Кім дейсің?

– Сапаров.

– Жарықтық, атамның атын естімегелі қай заман?! Иманды болғыр...

– Сіз әжесісіз бе?

Кемпір мұғалімнің бетіне бағжия бір қарап алды. Сұрақты ұнатпағандай кейіп танытты.

– Немене , үкіметтің басқа шаруасы бітіп, соны анықтап кел деп жіберді ме?

Сөз таппай сасып қалған Сәрсенбек жымиып бас шайқады.

– Оның әжесі мен емеспін десем, оған әже болар басқа кемпірді де таппайсың ғой.

– Апа, бұл баланың аты кім? Мектеп тек фамилиясымен атайды екен.

– Аты ма? Аты –Жеңіс. Немісті жеңген жылы туған.

– Жеңіс... Жақсы, енді әкесінің атын айтсаңыз.

– Аты Жеңіс болса, әкесі соғыс болмай ма!

Кемпірдің жұмбағын шеше алмаған Сәрсенбек блокнотына не жазарын білмей қарындаштың басын тістеп отырып қалды. Үнсіздікті әжейдің өзі бұзды.

–Балам, сыбырлағанды Құдай естімей ме деген. Несін жасырайын сенен. Шалымды мешін жылғы жұт, ұлымды неміс жаққан от жалмады. Ауылға, елге ие болып шолақ белсенді мен өктем өкілдер қалды. Жесірдің қарғысынан, жетімнің көз жасынан қорыққан жоқ олар. Жаудан бетер болды. Бетінің ұшында қызылы бар қатынның олардан аман қалғаны сирек, қарғам. Енді бірдеңе түсіндің бе, балам?

Ұялып кеткен Сәрсенбек үнсіз бас изеді. Баланың түп атасын қазып нем бар еді деп өкінді.

– Келінімді жамандыққа қимаймын. Бейнеттен басқа көргені жоқ. Ең болмаса осы баладан бір рахат көре ме деп едім... Әзір қызық көрсететін қуға ұқсамайды бұл. Өскен соң ақыл кіре ме деп өзімді жұбатып қоямын. Уһ... Айтпақшы, өзің үйлімісің, молда бала?

– Жоқ, апа. Бола жатар, оқуымды бітіргенім кеше ғана.

– Е, жөн, жөн. Саған айтар ақылым, балам, төмен етектіге қылдай қиянат көрсетпе. Бір аунап тұрар жеріңе мың ойланып алып бар. Енді «жетімнің әкесі соғыс» деп сылтауратын заман өтті. Әр бұтаның түбіне бір сарып кету иттің де қолынан келеді. Өзің көріп отырсың ғой... Біздің халіміз әмбеге аян. «Бісмілләсіз» бала оңа ма! Түзу жүр, түзу жүрсең жүзің жарқын.

Сәрсенбек мектепке жеткенше әжейдің сөзін санасынан сан мәрте қайталап өткізді. Үш жыл оқыған оқуын үш ауыз сөзбен түйіндеп берген кейуананың соңғы сөзі құлағында әлі жаңғырып тұр. Сол әсермен мектепке келді де, Жеңіс оқитын классқа өзі жетекші болуға бекінді.

Нұрболат ӘЛМЕНОВ
madeniportal.kz. сайтынан алынды.

Күміс көбелек

ОЛ БҮГІН ТАҒЫ КАРТОП ЖЕЙТІНІНЕ ШЫН ҚУАНАТЫН ЕДІ. ӘСІРЕСЕ КЕШКЕ. КҮНІ БОЙЫ ЖАС БАЛАДАЙ МАЗАСЫЗ КҮЙ КЕШКЕН СОЛ ҚАЛА АҚШАМ ӘЛЕТІНДЕ МАНАУРАП, БЕЙҚАМ БІР КҮЙГЕ ТҮСЕТІН. ЕГЕР ТОҒЫЗ ҚАБАТТЫ ҮЙДІҢ ТӨРТІНШІ ҚАБАТЫНАН ҚАРАР БОЛСАҢЫЗ, КӨШЕ ШАМДАРЫНЫҢ САМАЛАДАЙ ЖАРЫҒЫ ЖҰЛДЫЗДАРДАЙ САМСАП ТҰРАТЫНЫН БІЛЕТІН БОЛАРСЫЗ, ДЕСЕ ДЕ КӨЗ ҰШЫНДА МҰНАРТЫП КӨРІНГЕН КӨПІРГЕ, ОНЫҢ ҮСТІНДЕ АЛЫСТА ҚАЛҒАН ӘЛДЕНЕГЕ АСЫҚҚАНДАЙ ЗУЫЛ ҚАҚҚАН КӨЛІКТЕРГЕ ДЕ ҚАРАУДЫ ҰМЫТПАҢЫЗ. ӘРИНЕ, БІЗ АЙТЫП ОТЫРҒАН ЖАН ДА ОЛАЙ ЕТУДІ ЕШҚАШАН ҰМЫТҚАН ЕМЕС, БІРАҚ ОЛ ТЕРЕЗЕГЕ КӨЗІЛДІРІК КИІП ҚАРАЙТЫН. АЛ АЙНАҒА ОЛАЙ ҚАРАҒАН ЕМЕС.

Әр кеш сайын құстың ұясындай жып-жылы үйіне асығатын. Келе сала газ бетіне табасын қойып, бес-алты тал картопты аршып, оны жіңішке етіп, домалақтап турайтын. Бірақ картопты турау үшін тақтайды қолданған емес. Қолына ыңғайлы етіп қысып, пышақпен жіп-жіңішке етіп жона бастайтын. Себебі әжесі дәл солай турайтын еді. Бір мүлт кетсе, тыжырынып қалатын. Есіне өткен бір заманда ұстаздар күні құрметіне өткен мерекелік кеште картоп турау жарысына қатысқан тарих пәнінің мұғалімі түсетін. Байқаудың талабы бойынша картоптың қабығын үзіп алмай, тізбектей отырып, аршып шығу керек. Бұл талапты еңсерген тарих пәнінің мұғалімі ғана еді. Ол бұл мұғалімді әлдебір себептермен аса жақтыра қоймаса да, қазір картоптың қабығын аршыған сайын оны жиі еске алып тұратын болды...

Сөйтті де аппақ картоптарды табаға сала бастады. Бетіне тұз сеуіп, аз ғана су құйып, піскенше терезеге ұзақ телмірді. Картоп пісіп, қуырылған исі бүкіл пәтерді алып кеткенде ерекше бір сезім жалт еткендей. Тәрелкеге ықтияттап салып, дәмін татқан кезде әжесі қыста пеш үстінде пісірген сол картоптың дәміндей болар ма деп үміт етіп жейтін. «Сәл-сәл келеді, бірақ дәл өзі емес» дейтін ол, сосын қалған картопты бар үміт пен сенімнен ада болып, ақиқатқа қауышып, жаны тыншығаннан адамдай жеп алатын. Кейде көңілін елеусіз жаттық билейтін еді. Бірақ жаттану оны ешқашан алыс сапарларға шақырған емес. Оған керегі тек картоп еді.

Әрине, әңгіме етіп отырған жан тек картоп қана жемейтін. Түскі асқа шыққан кезде көппен бірге көшеде кезектесіп тұрған сантүрлі мейрамханалардың біріне кіретін. Сосын қалағанын алатын: қуырылған сиыр бауыры мен оның дәмді тұздығына әбден балқып тұрған пюре, бетін қоңырқай етіп қуырған сибас балығы мен қытырлақ фри, күлге көміп пісірген жұп-жұмыр картоп пен сүйегі жесең де тамағыңды оспайтын тұздалған сельд. Кейде қуырылған картоптың майы көп болып кетті деп мейрамханадағы даяршыға ескерту жасаудыда ұмытпайтын.

Бұл қалада не болып, не кетпейді. Күні кеше сонау астанадан келіп, бүгін де қаланың әр кофеханасын жатқа білетін әріптесімен де, ереуіл кезінде көппен бірге көшеге шығып, есесіне өзін полиция әлі күнге дейін шақыртпағанын айтып мақтана беретін көршісімен де, өзі өмірі көрмеген әйелдің қымбат болса да алабажақ көйлегін ұнатып қалғанын айтудан шаршамайтын құрбысымен де ұзақ шүйіркелеспейтін. Әрі олардың бірімен де ешқашан картоп туралы әңгіме айтпапты.

Бір күні сол бір енжар кештердің бірінде ол тағы табасына картоп қуырып, оны тәрелкесіне ықтияттап салып жей бастады. Тағы да кеудесінде картопты жер алдында пайда болатын талапшыл үміт тайғанап барып, көз ұшында бұлтқа айналып жатқанда, күміс көбелектің суреті бар көйлек киген қыздың жеп-жеңіл етегіндей желп еткен ойға құлап кетіп еді. Кенет зінің картоп жеп отырып, әжесі туралы ешқашан ойламағаны есіне түсті. Ол бұл ойдан кейін жіпше тарқатылып кете берген естеліктер сағымына аттанған заматта бұл қалада не болмады дейсіз? Бірақ көпір де, самаладай жарқыраған шамдар да орнынан тапжылмады. Күртелері мен пальтоларын іле сала, ұясына батар күнге еш назар салмастан, кешкі асқа асыққан адамдар түтін ішінде түтінге айналады. Атышулы редактор тұратын пішімі трапецияға ұқсас еңселі үйдің қасынан отшашу да атылды. Оның тарс-тарс еткен дауысы бар қалаға естілді, ал көз ұшында көкке асқақ көтеріліп, жарқ етіп сөнген отшашулар бірінен соң бірі ақшам құшағында ажал құшты. Бірақ арт-артынан заулап жатқан көліктің бірі де отшашуды елемей өте берді. Күн суытты.

Сафина АҚТАЙ
qazaqadebieti.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СОВЕТЫ СПЕЦИАЛИСТА

КАК ЗАЩИТИТЬ СЕБЯ ОТ ИНТЕРНЕТ-МОШЕННИКОВ

С КАЖДЫМ ДНЕМ МОШЕННИКИ ПРИДУМЫВАЮТ ВСЕ НОВЫЕ СХЕМЫ ОБМАНА С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СОВРЕМЕННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ СОЦИАЛЬНОЙ ИНЖЕНЕРИИ. ПО ДАННЫМ МВД РК, В 2022 ГОДУ В КАЗАХСТАНЕ БЫЛО ЗАФИКСИРОВАНО ПОРЯДКА 20,5 ТЫС. ИНТЕРНЕТ-МОШЕННИЧЕСТВ, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

Подробнее о том, как за персональными данными граждан охотятся мошенники и какие новые способы обмана они используют, рассказал директор Департамента защиты прав потребителей финансовых услуг Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка Александр Терентьев.

Самые распространенные схемы фишинг-атак: рассылка вирусных писем по электронной почте, SMS-сообщения или push-уведомления со ссылками, которые ведут на сайт-двойник. Чаще всего мошенники выдают себя за представителей известных организаций в электронных письмах или телефонных звонках и предлагают очень заманчивые предложения, к примеру: участие в различных розыгрышах и лотереях, или, наоборот, запугивают потенциальных жертв, направляя сообщение о том, что их долг передан коллекторам, и для того, чтобы узнать сумму задолженности, надо перейти по указанной ссылке. Если вы перейдете по фишинговой ссылке и введете свои персональные данные, то автоматически попадаете на крючок злоумышленников.

Еще одна уловка мошенников — создание фейковых ботов в популярных мессенджерах, в том числе от имени банков. Через данные боты якобы можно получить консультации по оформлению различных финансовых услуг или подать заявку на «льготный кредит», соцвыплаты, удаление негативной информации из кредитной истории и другое. Псевдоботы просят пользователей ввести личные данные и данные банковских карт, могут запросить код из SMS. Как только злоумышленникам будет известна эта информация, они могут снять все деньги с карточек доверчивых граждан и вдобавок оформить на них кредиты мошенническим способом.

Что нельзя сообщать посторонним?

Согласно Закону РК «О персональных данных и их защите», персональными данными считаются сведения, относящиеся к определенному или определяемому на их основании субъекту персональных данных, зафиксированные на электронном, бумажном и (или) ином материальном носителе. То есть это все, с помощью чего можно идентифицировать человека: ФИО, ИИН, адрес, телефон, фото-, видеоматериалы, физиологические особенности и другое.

Персональные данные по доступности подразделяются на:

- общедоступные;
- ограниченного доступа.

Какие персональные данные являются общедоступными?

Это сведения, на которые в соответствии с законодательством Республики Казахстан не распространяются требования соблюдения конфиденциальности. И доступ к ним является свободным с согласия субъекта. К примеру, источники таких персональных данных — это разного рода биографические справочники, телефонные, адресные книги, общедоступные электронные информационные ресурсы, СМИ.

Если ваша личная информация «гуляет» в интернете, но сбор и обработка этих сведений явно произведены с нарушением законодательства, то по вашему требованию (как вариант, можно обратиться к администраторам сайта или в уполномоченные госорганы), либо по решению суда можно исключить данную информацию из общедоступных источников персональных данных в течение одного рабочего дня.

Распространение персональных данных в общедоступных источниках допускается при наличии вашего согласия! Поэтому никогда не глядя не подписывайте различные документы: договор, соглашения, в том числе в цифровом формате. Внимательно ознакомьтесь с условиями, в том числе касающимися сбора и обработки ваших персональных данных.

Что такое персональные данные ограниченного доступа?

Это персональные данные, доступ к которым ограничен законодательством Республики Казахстан. Например, это установочные данные лица (фамилия, имя, отчество, год, дата рождения, национальность), сведения о месте жительства (место регистрации), индивидуальном идентификационном номере (ИИН), документах, удостоверяющих личность, дактилоскопическая информация, то есть биометрические данные об особенностях строения папиллярных узоров пальцев и ладоней рук человека, и другое. Доступ к этим данным ограничен законодательством Республики Казахстан. Они и представляют наибольший интерес у финансовых мошенников.

Как персональные данные попадают к мошенникам?

Как правило, финансовые организации используют надежную систему защиты, которая постоянно обновляется. Однако злоумышленникам не составляет труда взломать базы данных мелких организаций, к примеру, интернет-магазинов, различных сервисных компаний.

Но в основном люди, сами того не подозревая, передают сведения о себе третьим лицам. Например, могут опубликовать личную информацию в Сети. Они выставляют свои фотографии в соцсетях, указывают свое местоположение, скачивают нелицензируемые приложения, которые считывают секретную информацию и передают мошенникам.

Любители конкурсов, розыгрышей, гивов чаще становятся жертвами аферистов. На фишинговых страницах они с готовностью оставляют данные о себе и платежной карточке. В социальных сетях и мессенджерах некоторые пользователи публикуют свои номера (сотовые или городские), указывают свой ИИН. Сегодня существует масса приложений, которые, используя эту информацию, могут предоставить подробные сведения об аккаунтах казахстанцев в соцсетях, наличии штрафов, налогов и другие любопытные детали. Мошенникам остается только собрать из них пазл.

Соблюдайте простые правила безопасности, чтобы уберечь свои данные от финансовых мошенников.

Никогда, ни под каким предлогом не сообщайте никому: пароли, логины, коды и другие личные данные (ИИН, номера удостоверения личности, паспорта, реквизиты платежной карты: трехзначный код с обратной стороны карты (CVV/CVC-код), номер карты, срок действия, и т. д.).

Не передавайте никому и не оставляйте под залог свой документ, удостоверяющий личность; не публикуйте в социальных сетях фотографии своих документов и не рассылайте их третьим лицам через WhatsApp, Telegram, Viber и другие мессенджеры.

Не высылайте свои данные для участия в сомнительных интернет-конкурсах и лотереях.

Не переходите по фишинговым ссылкам.

Прежде чем пройти регистрацию на подозрительных сайтах, проверьте их адрес, который должен начинаться с https:/.

Если вы сомневаетесь в существовании организации, которая, к примеру, проводит розыгрыш, свяжитесь с ней по официальному номеру и уточните информацию.

Если вам звонит менеджер банка и пугает мошенническими атаками на ваш счет, просит оформить «зеркальный» кредит или снять деньги через банкомат, завершите разговор и позвоните в call-центр банка, чтобы перепроверить информацию.

Для совершения шопинга в онлайн-магазине убедитесь, что данный сайт действительно фиксируется как интернет-магазин. Желательно завести отдельную карту (виртуальную, цифровую) именно для таких покупок.

При открытии счета или карты подключите услугу SMS- или push-уведомлений об операциях.

Используйте сложные пароли в своем мобильном банковском приложении, а также для почты и аккаунтов в соцсетях. Пароли должны быть разными.

Регулярно обновляйте антивирусное ПО на своих устройствах.

Важно! Расскажите о данных правилах своим детям и пожилым родственникам, чтобы защитить их от социальных инженеров-мошенников!

Что делать, если вы передали мошенникам персональную информацию?

Нужно срочно заблокировать свою карту и поменять пароли от личного кабинета в банковском приложении, от электронной почты, аккаунтов в соцсетях. И непременно обратитесь в свой банк, а также правоохранительные органы, если мошенники успели снять деньги с вашего счета. Карточку банк заблокирует и перевыпустит новую.

Также обязательно получите в кредитных бюро, в ЦОНах или на сайте egov.kz персональный кредитный отчет, тщательно его изучите, чтобы убедиться, что мошенники не оформили на ваше имя фиктивный заем.

СИТУАЦИЯ

ОТМЕНА ЕСП: ЧТО ДЕЛАТЬ САМОЗАНЯТЫМ

В КОМИТЕТЕ ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ СООБЩИЛИ, ЧТО В КАЗАХСТАНЕ ОТМЕНЯТ ЕДИНЫЙ СОВОКУПНЫЙ ПЛАТЕЖ С 2024 ГОДА, СООБЩАЕТ ZAKON.KZ.

Единый совокупный платеж (ЕСП) изначально вводился временно на 5 лет (с 2019 по 2023 год) для самозанятых граждан, которые не регистрировались в качестве индивидуальных предпринимателей. Сумма их дохода не превышала четыре миллиона тенге в год.

«Как известно, сейчас идет поэтапное внедрение декларирования доходов физических лиц. В 2024 году входные декларации обязаны сдать все граждане, которые занимаются предпринимательской деятельностью (индивидуальные предприниматели, директора, учредители ТОО)», — сообщили в Комитете государственных доходов.

Как отметили в ведомстве, граждане, которые ранее не регистрировали предпринимательскую деятельность, должны сделать выбор — быть предпринимателями или стать наемными работниками. Так как в последующем доходы этих граждан должны отражаться в налоговых декларациях или сведениях работодателей.

Ранее стало известно, кто не сможет платить ЕСП с 2023 года.

Бейсенбі - Четверг, 20 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 «Күй керуен»
07.00 «Таңшолпан»
10.00 Т/х «Ақпарат»
10.10 Жазықсыз жүрек
12.00 «Күйеу бала»
13.10 «Тұлға»
13.45 Көңіл толқыны
14.05 Апта
15.10 Дара
16.10 Самалмен сырласу
17.15 Ауылдастар
20.35 Ашық алаң
21.30 Үміт пен үрей
22.30 «Бауырлар»
00.00 Концерт
01.10 Али
03.20 Өмір көркем

ХАБАР

05.00 «Кім мықты»
07.00 «Оян!»
10.00 «Бақыттың кілті еңбекте»
10.35 Мультфильм
12.00 Мелек 2
14.00 «Квартиранты»
15.00 «Бегом за денгами»
16.00 Сериал «Ребенок на миллион»
18.00 Новости
18.20 Итоги
19.00 Қорытынды жаңалықтар
19.20 Біздің мақсат
21.45 Келінжан-4
23.00 Ұйқым келмейді
00.00 StartUP KZ

АСТАНА

06.00 «Ене»
06.25 Кішкентай келін
07.20 М/с «Маша и медведь»
09.00 Практика 2
10.10 Қарлығаш ұя салғанда
12.20 Осман т/х
13.20 Қара ниет
15.30, 23.45 Склифосовский-2
18.00 Узнай меня если сможешь
20.00 Астана таймс
21.55 Т/х «Тағдыр талқысы»
22.50 Лакшми үнді т/х

ЕВРАЗИЯ

06.00«Кешкі кездесу»
07.00, 04.30 «Паутина»
08.00 «Көреміз»
09.00 Доброе утро Казахстан!
12.00 Знахарь
14.10 Новости
14.20 Жаңалықтар
14.30 QOSLIKE
18.30, 02.15 Басты жаңалықтар
19.00, 02.40 «KOREMIZ»
20.00 Главные новости
20.35 Сериал Улица рабитых фонарей-15
00.50 Сериал
02.00 Великая
02.35 Новости
02.40 Жаңалықтар
02.50 Кешкі жаңалықтар
03.50 Басты жаңалықтар

КТК

07.05 «Кеттік тойға»
07.30 Алтын бақ
08.00 Жүрегімнің иесі
09.20 Игра судьбы
10.50 Моя чужая жизнь
15.00 Қара гүлдер
17.30 Махаббат ойындары
19.30,03.50, 04.20 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.30 «Клятва врача»
00.00 «Ловушка»
01.50 Игра судьбы (повтор)
03.10 Бәрі есімде
04.00Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.25 «Жетісудағы репрессия»
11.50 «Саулықтың сыры»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «Эко-рейд»
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.15 «Әсем әуен»
14.30 «Бүгін» (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Жүрек сөзі»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ой-сарап»
19.30 «Ел қамы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 «Талқы»
23.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 02.30 Әзіл студио
06.30, 01.40, 04.30 Ватсап
07.00, 00.00 Ризамын
08.00 31 әзіл
09.00 Жапырақтар төгілгенде
10.00 Құнсыз келін
11.00 Мультфильм
12.00 Мультфильм
12.40 Пассажиры
15.20 Доспехи Бога
17.35 Доспехи Бога 2
20.00 Информбюро
21.00 50/50 ток-шоу
22.00 Вулкан
02.00 «Анупама»
02.40 Ситай
04.00 1001 әзіл
04.10 Bala Battlle

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
07.00 Т/х Ата-ана, бала-шаға
07.30 Айна онлайн
08.00 Жайдарман
09.00 «Сильная женщина»
11.10 Семейные узы
14.30 Қыздар ай
15.40 Батл сөз
16.20 Әзіл тайм
17.00 Семейные узы
18.00 «Ниты судьбы»
20.00 Жена олигарха
21.00 Первая отрицательная
21.30 Шырғалаң тағдыр
22.30 Кезайым
23.30 Пәленшеевтер
02.10 «Тамаша 7 км»
03.00 Т/х «Япырай»
03.30 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 21 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.40 Әнұран
06.05, 04.20 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 20.00, 00.30 «Ақпарат»
07.00 «Өмір көркем»
07.55, 23.25 «Көңіл толқыны»
09.15 М/х «Су перісі»
10.10, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00, 13.10, 20.35 Т/х «Күйеу бала»
14.10, 03.50 «Ауылдастар»
14.40 «Өзекті»
15.05, 01.05 «Гауһартас»
16.15, 03.05 Т/х «Анашым, мені қалдырма»
17.15 «Ауылдастар»
21.35 «Күйеу бала-2» Т/х
22.30 Т\Х «Бауырлар»
02.05 «Сана»

ХАБАР

05.00, 01.00ҚР Әнұраны
05.00 Т/Х «Шайқалған шаңырақ»
08.00 Концерт
10.00 «Менің өмірім»
10.30 «Жұп-жұбымен»
12.00, 20.00 Т/х «Мелек-2»
14.00 «Пәленшеевтер-2»
15.00 «Асыл қазына»
16.00 «Двойная жизнь» сериал
18.00 «Новости»
18.20 «Қорытынды жаңалықтар»
18.40 «Бәсеке-2»
21.45 «Қызық times»
22.45 Мегахит. «Ночная прогулка»
00.15 «Төрлетіңіз»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.25 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 Т/х «Осман-2»
10.10 Сериал «Практика-2»
11.15 Т/х «Бақыттың кілті»
12.45 Т/х «Қара ниет»
15.00 «Кенже» Т/х
15.40 «Уақыт» Концерт
18.00 «Шаншар»
20.00 «Астана таймс»
20.30 «Бас таймс»
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызбысың»
01.15 Т/х «Күн мен ханзада»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Тамаша сити» бағдарламасы
07.00 «П@утина» бағдарламасы
08.00 «Қайырлы таң Қазақстан!» бағдарламасы
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «На самом деле»
12.00 Сериал «Знахарь»
14.10 «Новости»
14.20 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz» бағдарламасы
20.00 «Главные новости»
20.35 «Поле чудес»
22.00 «Селфи с судьбой»
02.00 Новости
02.05 Жаңалықтар
02.10 «Көреміз»
02.55 Басты жаңалықтар
03.20 «П@утина» бағдарламасы
04.00 «Кешкі кездесу» бағдарламасы

КТК

07.05 «Домбыра үні» мерекелік концерт
07.30 «Алтын бақ», корей телехикаясы.
08.00 «Жүрегімнің иесі». Өзбек телехикаясы.
09.30 Вечерние новости
10.00 «Было дело»
11.00 «Спецназ»
12.50 «Теория зла» мелодрама
15.00 «Мұнды ызғар» өзбек телехикаясы
19.30 «Кешкі жаңалықтар»
20.00 «КТК веб»
21.00 «Вечерние новости»
21.30 «Аквамарин» мелодрама
01.25 «Было дело» (повтор)
02.15 «КТК веб»
03.00 «Еріксіз махаббат» корей телехикаясы
04.00 «Мерекелік концерт»
04.30, 05.00 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Ой-сарап»
11.25 «Ел қамы»
11.50 «Саулықтың сыры»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «Жанашыр»
13.30 «Әсем әуен»
14.30 «Сегодня» (Жетісу)
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.25 «Жетісу жауһарлары»
15.30 Жаңалықтар
15.45 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.30 Новости
16.50 «Тарихнама»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 «Иман нұры»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Әсем әуен»
19.30 «Ел мен жер»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00 «Әзіл студио»
06.30, 02.40, 04.30 Whats up?
07.00 Информбюро
08.00 «Күліп ал»
09.00 «Жапырақтар төгілгенде»
10.00 «Құнсыз келін»
11.00 М/с «Команда мстители»
12.00 М/с «Маша и медведь»
13.30 Х/ф «Розовая пантера-2»
15.40 Х/ф «Быстрее пули»
17.50 Х/ф «Неудежимые – 2»
20.00 «Информбюро»
21.00 «50/50» әлеуметтік ток-шоу
22.00 Кино «неудержимые-3»
00.45 «Жапырақтар төгілгенде»
01.40 «Анупама»
03.00 «Әзіл студио»
03.50 «1001 әзіл»
04.00 Bala Battle
05.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
07.00 «Тек қана қыздар»
07.40, 00.40 «Айна online»
08.00, 01.10 «Жайдарман»
09.00, 18.00 Сериал «Незакрытая мишень»
11.00, 20.00 Сериал «Про веру»
13.40 «Q елі»
14.00 «Бос әйел»
15.00 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
16.00 Сериал «Дылды»
17.00 Сериал «Женский доктор»
22.20 Х/ф «Киллер»
02.20 «Тамаша 7 км»
03.15 Т/х «Япырай»
03.40 «Жеңіп көр»

Сенбі - Суббота, 22 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.30 Әнұран
06.05, 04.10 «Жәдігер»
06.25 «Ақпарат»
07.00 «Өмір көркем»
07.50 «Күй-керуен»
08.25 «Шаңырақ»
08.50 «Көңіл толқыны»
10.00,18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Қазақстан дауысы. Балалар»
14.30 «Сағындырған әндер-ай»
17.25, 02.35 «Шахмат тәжі»
20.00 «Ақорда»
20.10 «Қазақстан дауысы. Балалар»
21.00 М/ф «Арыстан патша-3»
22.30 Т/Х «Бауырлар»
23.25 «Күйеу бала»
02.25 «Ақорда»
03.05 «Зинһар»
03.50 «Шаңырақ»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кел, шырқайық»
07.00 «Қарақатпен шай»
08.00 «Елімнің бір еркесі мен боламын» концерт
10.00 Мегахит «Ночная прогулка»
12.00 М/ф «Пчелка Мая»
13.30 «Стартап кз»
14.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
14.30 «Қызық таймс»
16.00 «Алғашқы»
17.00 Т/х «Тракторшының махаббаты»
19.00 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
21.00 «Век адалин»
23.15 «Әке бақыты»
00.00 «Төрлетіңіз»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.25 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00 «Осман-2» Т/х
10.00 Х/ф «Күшік құда»
11.55 «Шімән апаның хикаялары»
15.00 «Позднее раскаяние»
18.30 «Шаншар»
21.00 «Осман» Т/х
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Логово» Х\ф

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.40 «П@утина» бағдарламасы
08.35 «Северное сияние»
10.45 «Парфюмерша»
15.00 «Qoslike» бағдарламасы
19.00 «Следы в прошлое»
23.00 «Фабрика звезд»
02.20 «Миссис Уилсон»
03.20 «П@утина»
04.05 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Мәссаған»
07.30 «Алтын бақ», корей телехикаясы
08.00 «Өнерлі отбасы», ток-шоу
09.00 «КТК web» (қайталау)
09.30 «Вечерние новости»
10.00 «Следствием установлено» мелодрама
10.40 «Аквамарин»
15.00 «Өткен күндер» өзбек х\ф
17.00 «Шаншар»
21.00 «Формула счастья» мелодрама
01.00 «Следствием установлено» (повтор)
01.40 «Өнерлі отбасы»
02.20, 05.00 «Шаншар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 М/ф «Татонка»
11.25 «Ел мен жер»
11.50 «Саулықтың сыры»
12.00 «Тэ Чжоён» телехикаясы
13.05 «Алаш таңы»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 «Иман нұры»
15.00 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»
17.50 «Жетісу жауһарлары»
18.00 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Әсем әуен»
20.00 «Алаш таңы»
20.30 «Архивтегі ақиқат»
21.00 «Ел қамы»
21.30 «Ел мен жер»
22.00 «Әсем әуен»
23.00 Д/ф «Кең ауқымда»
23.30 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 05.00 Әзіл студио
07.00, 04.30 Тамаша лайф
08.00 Күліп ал
08.30 М/с «Маша и медведь»
09.00 «Тенис-шоу»
09.30 Готовим с Адель
10.00 «Эврика» док.фильм
10.40 «Алдараспан»
12.00 Х/ф «Танцор диско»
15.30 Х/ф «Облачно возможны осадки в виде фрикаделек»
17.30 Х/ф «неудержимые-3»
20.20 Кино «Сокровище нации»
23.10 «Хеллбой. Герой из пекла»
01.40 «Біздің шоу»
03.00, 05.20 «1001 әзіл»
05.30 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.10 «Қуырдақ»
06.50 «Жұлдыздың жары»
07.20, 01.10 «Салем, Қазақстан!»
09.00 «Измайловский парк»
11.20 Х/ф «Мастер охоты на единорога»
15.50 «Битва поколений»
17.10 Сериал «Трюфельный пес королевы Джованны»
21.10 Сериал
02.50 «Келесі кім?»
03.50 Т/х «Япырай»
04.20 «Жеңіп көр»

Жексенбі - Воскресенье, 23 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.30 Әнұран
06.05, 04.10 «Жәдігер»
06.30, 03.30 «Күміс көмей»
06.50 «Дәуір даналары»
07.35 «Ақорда»
07.45 «Зинһар»
08.35, 03.10 «Ақсауыт»
09.00, 21.10 «Көңіл толқыны»
10.00, 18.00 Т/х «Жазықсыз жүрек»
12.00 «Арыстан патша-3» М/ф
13.10 Концерт
15.30 «Көкжалдар»
17.10 «Бірегей»
20.00 «Дара» білім бәйгесі
22.30 Т/х «Бауырлар»
23.25 Т/х «Күйеу бала»
02.15 «Күйеу бала-2»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00 «Кел шырқайық»
07.00 «Кім мықты?»
08.00 «Туған ел» концерт
10.00 Мегахит. «Век адалин»
12.00 М/с «Пчелка майя:медовый движ»
13.30 «Балақай»
14.15 «Әрекет»
14.45 «Cover show» Мейрамбек Бесбаевпен
16.30 Т/х «Шашу»
17.30 Т/х «Тракторшының махаббаты»
19.30 «Жұп-жұбымен»
21.00 Мегахит «Американский палач»
23.00 «Төрлетіңіз»
00.00 «Әсем әндер»

АСТАНА

06.00 Т/х «Ене»
06.25 Т/х «Кішкентай келін»
07.20 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.00 «Осман» түрік телехикаясы
10.00 Сериал «Позднее раскаяние»
13.20 «Алдараспан»
17.10 Х/ф «Многодедный»
19.00 «Ащы шындық» тележоба
21.55 «Лакшми» үнді телехикаясы
00.00 «Жұлдызбысың?»
01.10 «Астана кеші көңілді»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той БАЗАР»
07.45 «П@утина» бағдарламасы
08.45 «Воскресные беседы»
08.55 «Поехали»
09.45 «Повара на колесах»
10.45 «Парфюмерша»
14.45 «Следы в прошлое»
18.50 Х/ф «Водитель для веры»
21.00 «Дочки» кино
01.05 «Особенности национальной охоты в зимний период»
02.30 «П@утина» бағдарламасы
03.15 «Той базар»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 «Өнерлі отбасы»
07.50 «Шаншар»
09.30 «Смеяться разрешается»
10.40 «Формула счастья» мелодрама
15.00 «Өткен күндер»
18.00 «Сағындым анашым»
21.00 «Найду пару любимому» мелодрама
01.10 «Гламур для дур» кино
02.35 «Было дело»
03.20 «Өнерлі отбасы»
04.10, 05.00 «Сағындым анашым» (қайталау)

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
09.00 «Талқы»
10.00 «Әсем әуен»
10.30 «Бүгін»/«Сегодня»
11.00 М/ф «Татонка»
11.25 Д/ф «Мен ежелгі мәдениет куәгерімін»
11.50 «Саулықтың сыры»
12.00 «Әсем әуен»
13.05 «Архивтегі ақиқат»
13.30 «Шашу»
14.15 «Жетісу жауһарлары»
14.30 Д/ф «Ғажайып мәдениет»
15.00 «Әсем әуен»
17.00 «Ойсарап»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «Жүрек сөзі»
18.40 Д/ф «Әлемнің мәдени байлықтары»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Д/ф «Таңғажайып табиғат»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.10 Әзіл студио
06.10 Кино «Танцор диско»
09.00 «Телебинго»
09.25 Готовим с Адель
10.00 «Теннис-шоу»
10.20 Док.фильм «Эврика»
11.00 «Маша и медведь»
11.30 «Облачно, возможны осадки в виде фрикаделек»
13.30 Х/ф «Облачно-2. Месть ГМО»
15.35 Кино «Сокровище нации»
20.25 Кино «Сокровище нации-2»
23.15 «Алдараспан»
01.40 «Тамаша лайф»
02.00, 05.30 Whats up?
02.20, 04.20 «31 әзіл»
03.30 1001 әзіл
03.40 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 04.30 «Қуырдақ»
06.50 «Жұлдыздың жары»
07.20 «Салем, Қазақстан»
09.00 «Юморина»
12.00, 20.40 Сериал
16.30 Сериал «Черная вдова»
19.00 Сериал «Ищу тебя»
00.50 «Жайдарман
01.50 «Келесі кім?»
02.20 Т/х «Япырай»
02.50 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕЛДІКТІҢ БАСТЫ ТІРЕГІ

«ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ, ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ» ДЕГЕН ҰРАНДЫ ҰСТАНҒАН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ЕЛІ МЕН ЖЕРІН, ДІНІ МЕН ТІЛІН САҚТАП ҚАЛУ ЖОЛЫНДА ТАЛАЙ ҚИЫН-ҚЫСТАУ КЕЗЕҢДЕРДІ БАСЫНАН КЕШІРДІ. ӨЙТКЕНІ, АНА ТІЛІ МӘСЕЛЕСІ – СОЛ ТІЛДЕ ЖАСАҒАН, ЖАСАП КЕЛЕ ЖАТҚАН ХАЛЫҚТЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНГІСІН ТАРАЗЫЛАЙ ОТЫРЫП, БОЛАШАҒЫН ТАНЫТАТЫН, СОЛ ХАЛЫҚТЫҢ МӘҢГІЛІГІНІҢ МӘСЕЛЕСІ.

Елдіктің негізгі шарттары, түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді.Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында: «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған. Біз тәуелсіздік дәуірінде ана тіліміздi дамыту үшін барлық жағдайды жасадық. Осы аралықта қазақ тілінде білім беретін мектептер мен оқу орындарының, балабақшалардың саны есеп-леп көбейді.

Бүгінде мемлекеттік тілді білетін қазақтың да, өзге этнос өкілдерінің де үлесі едәуір артты. Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мәселе – ниетте. Ниеттің дұрыс болуы қазақ тілін меңгергісі келетін адамдарға да, осы мақсатқа жетуге жағдай жасайтын Үкіметке де байланысты», деп қадап айтты.

Осы орайда, мемлекеттік органдарда, соның ішінде, соттарда да қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, Тіл туралы заңның 4-бабына сай шығыс және ішкі құжаттар мемлекеттік тілде тіркеліп, хат-хабар қазақ тілінде алмасылуда. Сонымен қатар, Жоғарғы Сот шешімдер мен үкімдерге, яғни, сот актілеріне қойылатын тілдік талаптарды күшейтті. Сот тіл заңдылықтарының сақталуына кепілдік беріп қана қоймай, мемлекеттік іс жүргізуді сапалық белеске көтеруге бағыт алып отыр. Оған барша сот қызметкерлері белсенді атсалысуда.

Өкінішке орай, Тіл туралы заңмен сот ісінің мемлекеттік тілде жүргізілетіндігі нақтыланғанымен, ол деңгейге жете алмай жатырмыз. Сот ісінің толықтай мемлекеттік тілде жүргізілмеуінің өзіндік себептері де бар. Дегенмен де, мемлекеттік тілде қаралатын істер санын арттыруға арыз беруші азаматтардың өзерінің кінәсінен де кедергі келтірілуде. Өкінішке орай, олардың көпшілігінің заң тұрғысындағы сауаты жеткілікті болмағандықтан жалдаған қорғаушылары ұлты қазақ бола тұрса да өздеріне қолайлы болу үшін талап арызды өздері жетік меңгерген орыс тілінде жазып беріп, сот талабы бойынша арыз қай тілде түссе сол тілде қаралып жатқанын да көріп жүрміз. Сондықтан мемлекеттік тіл қолданысының кеңеюіне азаматтар мүдделілік танытса нұр үстіне нұр болар еді. Сотқа талап арыздар мемлекеттік тілде түссе, ол міндетті түрде осы тілде қаралады. Демек, осындай қарапайым жайларды ескеріп, сотқа жүгінген әрбір азамат өзінің құқығын дұрыс пайдаланса да мемлекеттік тілде қаралатын істер қатары анағұрлым арта түсері анық.

Олжас НҮКЕНОВ,
Жетісу облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің аға сот приставы.

БІТІМГЕРШІЛІК

БАҒЗЫ ЗАМАННЫҢ ӨЗІНДЕ БІЗДІҢ АТА БАБАЛАРЫМЫЗ АҒАЙЫН АРАСЫНДАҒЫ ДАУ ДАМАЙДЫ, ІРГЕЛЕС ЖҰРТТЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ТУЫНДАҒАН КИКІЛЖІҢДІ АҚЫЛ ТАРАЗЫСЫНА САЛЫП, БАЙЫППЕН ШЕШУДІ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛДЫРҒАН ҒОЙ. СОНДА БИЛЕРДІҢ БІР АУЫЗ АЙТҚАН КЕСІМ СӨЗІНЕ ТОҚТАЛҒАН ТАРАПТАР РИЗА БОЛЫП ТАРАСАТЫНЫН ДА БІЛЕМІЗ. МІНЕКИ, ОСЫ ДӘСТҮРДІҢ ЖАЛҒАСЫ ІСПЕТТІ ЖАҢА РЕДАКЦИЯДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТЕ ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІНЕ КӨШУ БАҒЫТЫНДА «ДАУЛАРДЫ СОТТАН ТЫС РЕТТЕУ» ТАРАУЫ ЕНГІЗІЛГЕН.

МЕДИАЦИЯНЫҢ МӘНІСІН МЕҢГЕРСЕ...



Бұған дейін 2011 жылдың 28 қаңтарында ҚР-ның «Медиация» туралы Заңы қабылданған. Аталған Заңға сәйкес елімізде дауларды баламалы шешудің жаңа түрі «Медиация» енгізілді. Медиация – өзара қолайлы шешімге келу мақсатында медиатордың бейтарап жақ көмегімен тараптар арасында дауды «жанжалды» реттеу тәртібі болып табылады.

Соттарға жүктемені азайтудың басты жолы – тараптар арасындағы дауды медиация рәсімімен шешу болып табылады. Дауды медиация жолымен немесе сот арқылы шешуді таразылайтын болсақ, сот шешімді құқық пен заңды негізге ала отырып қабылдайды, ал медиация тәртібінде тараптар өздері бірлесе отырып шешім қабылдайды. Дау сот тәртібімен қаралған жағдайда қорғаушыға төленетін шығындар, мемлекеттік баж төлемдері, сараптама жүргізу шығындары бар. Ал медиация тәртібінде тек медиаторға ғана төленетін шығындар болады. Сот тәртібімен дауды шешу ұзақ уақытты алатын болса, медиацияда азаматтық құқықтық қатынастар бойынша 30 күннен аспайтын мерзім ішінде қаралады. Осылайша дауды сотқа дейін реттеу тараптарға дауды (жанжалды) қысқа мерзімде, материалдық және моральдық аз шығындармен шешуге мүмкіндік береді. Сотта дау жария түрде ашық қаралса, ал медиация тәртібінде жабық түрде екі тараптың келіссөздерге келуі арқылы оңтайлы шешім қабылданады.

ҚР «Медиация туралы» Заңының 3 бабының талаптарына сәйкес медиацияның мақсаттары мыналар болып табылады: 1) дауды (жанжалды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу, 2) тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

Осы Заңның 4 бабының талаптарына сәйкес медиация мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі: 1) еріктілік, 2) медиация тарапының тең құқылығы, 3)медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, 4) медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік, 5) құпиялық.

Сот тәртібінде қарастыруға тиіс даулардың санын қысқартып, оларды шешудің баламалы тәсілдерін қолдану, оның ішінде бітімгершілік рәсімдер – медиация әдісін қолдану адам құқықтарының әділ сақталуының кепілі.

Жаңа Азаматтық процестік кодексте алға қойылған міндеттерді орындауда дауларды реттеудің соттан тыс және сотқа дейінгі тәртібіне, соттағы татуласу рәсімдеріне көңіл бөлінді. Істердің жеке санаттары бойынша дауларды сотқа дейін реттеудің міндеттілігі көзделді.

Тараптар шарттарда дауды медиатормен, нотариуспен немесе авдокатпен сотқа дейінгі реттеу міндеттілігін қарастыра алады. Тараптар арасындағы дауды (жанжалды) реттеуді медиация тәртібінде медиатор немесе тараптардың өтінішхаты бойынша судья жүзеге асырады. Бір іс шегінде тараптар бірқатар мәселелерді шеше алады, өйткені талап қоюдың мәні мен негізінің бір мезгілде өзгертілуі шешіледі. Әсіресе бұл балаларға қатысты дауларды, мұра туралы туыстар арасындағы дауларды, көршілер арасындағы дауларды, еңбек ұжымындағы дауларды қарау және шешу кезінде оң ықпал етеді.

Сайып келгенде медиация тәсілінің мәнісін меңгеретін болсақ оның қос тарапқа да тиімді әрі пайдалы екеніне әбден көз жеткізуге болады. Ең бастысы дауласушы тараптар арасындағы қатынас бұзылмай, екі жақты да қанағаттанарлықтай жағдайда шешілетін даудың түйініне қол жеткізіледі. Сондықтан бұл тың тәсілді жатсынбай батыл пайдалантын азаматтар тек ұтары анық.

Нұржан НҰРЛАНҰЛЫ,
Талдықорған қалалық соты әкімшісінің басшысы.

ӨЗЕКЖАРДЫ

БАЛА ТӘРБИЕСІН БАСТЫ НАЗАРДА ҰСТАСАҚ...

Тәрбие адам тағдырын шешетін ұлы іс. Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Ел болам десең бесігіңді түзе», – деп айтқан. Ұлы істің бастау бұлағы, қайнар көзі – отбасы. Отбасындағы тәрбие -тағылым мен үлгі өнегенің бастауы.

Ұлы ғұлама, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби бұдан мың жылдан аса уақыт бұрын «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берген білім адамзаттың қас жауы» деген. Бала тәрбиесіне, келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген ғой. Өйткені бала – біздің болашағымыз.Бала тәрбиесіндегі негізгі де маңызды роль ата –аналарда. Бау бақшаны баптап, күтіп суарсаң ғана жемісіне кенелесің. Жас шыбық қалай майыстырсаң солай иіледі,жас бала да еліктегіш,әр нәрсені қабылдағыш. Сонымен қатар кей үйлердің балалары былапыт, боқтампаз келеді. Себебі, ата-ананың өздері сондай. Ауылда болсын, қалада болсын әжетханаға неше түрлі былапыт сөздер жазылғанын көреміз. Сондай-ақ, 17-18 жасар қыз балалардың жаман тілмен сөйлесетінін көріп жүрміз. Олар өзінше басқаларды өзіме тарттым деп мақтаныш тұтады. Нәтижеде оған еліктеушілер көбейеді. Мұны ата-аналар сезсе де, мән бермейді. Мұның аяғы да әдепсіздікке, ұятсыздыққа апарып соғары шүбәсіз. Ал, бұдан да сорақысы әкімшілік, қылмыстық құқық бұзушылыққа әкеп соқтыруы да ғажап емес. Өйткені, «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа» болмаса бала өзін еркін сезініп, ойына келгенді жасайтын болады. Келе келе әлімжеттік танытытып, өзінен кіші балаларға жәбір көрсетіп, бопсалап ақша талап етуге, ұялы телефондарын тартып алуға дейін барады. Біз мқндай жат қылықтарды күнделікті сот отырыстарында да кездесіріп жүрміз. Осы оғаш қылықтардың бәрі баланың отбасында тым еркінсіп кетуінің, ата ананың бала тәрбиесінен көз жазып қалуының, мектептің де сондай қиын балалардың тәрбиесіне жете мән бермеуінен туындап жатады.

Жоғарыда тілге тиек еткен жәйттер күнделікті өмірде кездеседі. Осындай жағымсыз тәрбие болмасын деген ниетпен айтып отырмыз. «Балық басынан шіриді», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дейді ғой халық даналығы. Тәрбие ұсақ-түйек нәрсе емес, ұсақ-түйекті жіберіп алсаңыз, оның іріге айналуы күмәнсіз. Сайып келгенде, бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Отбасы – ең үлкен, мықты тәрбие ошағы, шағын мемлекет. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршымызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы, өзіне мейірімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Сонымен қатар өскелең ұрпақты тәрбиелеуде шешуші буын мектеп болғандықтан, ұстаздарға қойылатын талап, зор жауапкершілік артуда.

Жансая ЕРЖАНҚЫЗЫ,
Жетісу облысы кәмелетке толмаған істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің бас маманы.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПІКІР

ЭННИ ЭРНО. БІЗ ЖАЗҒАН КЕЗДЕ КӨП ОҚУЫМЫЗ КЕРЕК...

Әдебиет саласы бойынша Нобель сыйлығының иегері (2022) Энни Эрно, Нобель сыйлығының қызметкері Клэр Паеткау-мен сұхбатында жастарға кеңес беріп, жазудағы адалдықтың маңызы туралы айтады.

Айтуынша сыйлық жарияланған күні Эрнау ас үйде жалғыз өзі радио тыңдап отырған. Және бұл хабарды ол радио арқылы естіген...

ЭЭ: Сәлеметсіз бе, тыңдап тұрмын.

КП: Қайырлы күн яғни қайырлы кеш. Мен Энни Эрномен сөйлесіп тұрмын ба?

КП: Иә, менмін.

КП: Менің атым Клэр Паеткау. Бізде жыл сайын жаңа лауреаттармен телефон арқылы қысқаша сұхбат алу дәстүрі бар. Сөйлесе аласыз ба?

ЭЭ: Дәл қазір ме?

СР: Иә, дәл қазір!

ЭЭ: Иә, әрине. Әрине.

КП: Алдымен, сізді Нобель сыйлығыңызбен құттықтаймын! Меніңше сіз баспасөз мәслихатынан енді шықтыңыз?

ЭЭ:Иә.

КП: Қуанышыңызбен бөлісуге рұқсат етіңіз! Бұл сондай сарылып күткен күн болған шығар.

ЭЭ: Иә, жарты күн дейікші... өйткені мен бұл жайлы сағат түнгі бірде ғана білдім.

Баспасөз конференциясы өте жақсы өтті. Мен оларға сыйлықтың мен үшін алдымен үлкен мәртебе екенін жеткіздім. Және сол құрметке сай жауапкершілігі де аз емес. Бұл менің жазушылық қайраткерлігіме артқан үлкен үміт деп білем.

КП: Жаңалықты түнде ғана естідім дедіңіз. Шешім шыққанда қайда болдыңыз, құпия болмаса?

ЭЭ: Ас үйде болдым, онда радио бар. Кенет радио тыңдағым келді. Нобельді кім алды екен деген ой сап ете қалды. Сөйтсем, вуаля!

КП: Сіз!

ЭЭ: Иә, мен екенмін!

КП: Мұндай қуанышты жаңалықты тек радиодан есту керек!

ЭЭ: Иә, бұл өте таңқаларлық. Және мен сондай жалғыз болдым. Сізге қалай түсіндірсем екен. Сіз шөл далада, жалғыз өзіңіз келе жатасыз. Кенет аспаннаң бір дауыс естіледі... Селк ете қаларыңыз анық. Міне, менде де дәл сондай сезім болды.

КП: Тағы да сіз үшін қуаныштымын! Сіздің өмір жолыңыз қым- қиғаш. Шығармашылығыңызбен енді таныса бастаған жас оқырманға неден бастауды ұсынасыз?

ЭЭ.: Білесіз бе, менің кітаптарым бір-біріне мүлде ұқсамайды. Тақырыптар мен мазмұн тұрғысынан, кейде тіпті жазу тұрғысынан да. Сондықтан бұл біршама қиын. Мен жастарға да, жасы егде кісілерге де арнап кітап жаздым. Бірақ барлығын біріктіретін кітап «Жылдар» деп ойлаймын.

КП: Жарайды! Сіз жастарды атап өттіңіз. Жас қаламгерлерге, әсіресе өз тілінде жазып жүрген жас жазушыларға қандай кеңес берер едіңіз?

ЭЭ: Меніңше, біз жазған кезде көп оқумыз керек. Кейде жастар: «Жоқ, мен оқымаймын... жазамын!» – дейді. Жоқ. Бұл мүмкін емес. Сізге көп оқу керек. Ал екінші айтарым – жақсы жазуға емес, шынайы жазуға ұмтылу керек. Бұл екеуі екі түрлі нәрсе.

КП: Тамаша кеңес!

ЭЭ: Вуаля!

КП: Сөйлесуге уақыт бөлгеніңіз үшін көп рахмет, сізді желтоқсанда Стокгольмде көреміз деп үміттенеміз.

ЭЭ: Иә!

КП: Тағы да құттықтауымды қабыл алыңыз!

ЭЭ: Рақмет!

КП: Сау болыңыз.

ЭЭ: Сау болыңыз.

Ағылшын тілінен аударған: Жантас ЕРКІНҰЛЫ
madeniportal.kz.

ЖАҢА КІТАП

ӘЙ, ҚЫЗ, КӨЗІҢДІ АШ!

Астанада, Ұлттық академиялық кітапханада қазақ тіліндегі «Әй, қыз, көзіңді аш!» кітабы таныстырылды. Кітап авторы – белгілі американдық жазушы, әйелдердің қоғамдағы проблемаларын халықаралық деңгейде көтеріп жүрген спикер Рейчелл Холлис. Шығарушы – Alqa баспасы.

Кітап туралы:

Әйелдердің басым бөлігі – қоғам таңған стереотиптердің құрбаны. «Әйел олай істемеуі керек», «Әйел мынадай болуы керек» деген сияқты бала күнінен санасына сіңген өтіріктермен өмір сүріп келеді. Олар өзінің кім екенін, өмірге не үшін келгенін ұмытып, құндылықтарын шатастырып алған. Қоғамда арманынан адасып, қорқынышпен өмір сүріп жатқан әйел қаншама?!

Рейчел Холлис «Әй, қыз, көзіңді аш» кітабында кез келген әйелдің тіпті ең жақын құрбысына айтуға батылы бармайтын сырын ашады. Әйелдердің өмірін улап келген 20 өтірікті тізіп, оларды мойындаудың, олармен күресудің жолын ойнақы, күлкілі, ең бастысы жүрекке жылы тиер мейірімді оқиғалар арқылы суреттейді.

Alqa баспасы туралы:

Alqa – 2022 жылы ашылған, әйелдер тақырыбында контент әзірлейтін баспа үйі. Мақсаты – қазақ қыздарына, қазақ әйелдеріне арналған сауатты контент әзірлеу, әйел тақырыбын қозғайтын әлемдік туындыларды қазақ тіліне аударып, оқырманға жеткізу арқылы қоғамды, жас ұрпақты ізгілендіруге үлес қосу.

Материал adebiportal.kz. сайтынан алынды.

ПОЭЗИЯ

ЖЫЛДАР БІЗДІ АЛДАСА, АЛДАЙ БЕРСІН...

Мен – негізі, әртүрлімін.
… кейде – күннің кірпігімін,
… кейде – гүлдің бүртүгімін,
… аздап зілмауырмын,
… аздап күлкілімін.
сүйгенмін, сүйместеймін,
күйгенмін, күйместеймін.
Ешкіммен ұйқаспаймын,
Ешкімге үйлеспеймін.
Мен сондаймын…
ыңғайсызбын.
қол бояп, маңдай сызғым
келеді.
Келеді кейде сөнгім,
Кешірші, болмай тұрмын.
Мен сондаймын…
Мұң емес бастан кешкен,
Сыр емес достан көшкен.
Өмірім шимай-шатпақ,
Өлеңім астаң-кестең…
Мен - бөтенмін.
таныс хәлмін,
Жауыма болысқанмын.
Именбей таптап өтіп,
Илеуін құмырсқаның.
Мен – нүктемін,
жолайрықпын,
Жалғызбын, халайықпын.
Адалмын махаббатқа,
Жүрегім қарайыпты.
әттең…
Ұяңмын, дәрекімін,
Қиялмын, келекімін.
Сонда да бір бақыттың
соңымнан еретінін
Білемін.
Білмесем бүйтер ме едім.
…
Ғұмыр – ол, ит өлген жер!
Құдайға итермеңдер,
Тағдырға сүйкемеңдер!
Мен басқашамын,
Басқамын туысқандар!
Өтінем, өзгертуге ешқашан тырыспаңдар!

* * *

Жылдар бізді алдаса, алдай берсін,
Сен сене сал!
Қайрылма жандай өршін.
Қайғы жұтқан қарғам-ау қандай дерсің…
Айтылмаған іңкәр ой таңдайда өлсін…
Көн, сүй, егіл…
кәдімгі жынды адамша,
Құрғап қалған қауырсын қылқаламша.
Біздің жақтан ұшқан құс бұл көктемде,
Сеніменен деп едім бірге оралса.
Бірге оралса баяғы көрші Мұхтар,
Білдіре алмай сезімін бір шыны ұрттар.
Күтеді оны бұтағын майыстырған,
Терезенің алдында жер сүзіп тал.
Оңашалау отырған орындықтар,
Отаспаған ешкімге қалыңдықтар.
Құдайдан да жасырған құштарлықты,
Қайдан біліп алады осы жұрттар.
Ол көктемнің мен емес гүлін үзген,
Бізді құртқан үнсіздік, тіліміз кем.
Елдің бәрі білетін құпияны,
Жасырамыз екеуміз біріміздан.

Мұхтар КҮМІСБЕК

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗАКОН

СИСТЕМА И ВИДЫ НАКАЗАНИЯ

СИСТЕМА НАКАЗАНИЙ ОБУСЛАВЛИВАЕТСЯ ОБЩЕСТВЕННЫМ И ГОСУДАРСТВЕННЫМ СТРОЕМ. СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ, ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ, ПРОИСХОДЯЩИЕ В ОБЩЕСТВЕ И ГОСУДАРСТВЕ, ОКАЗЫВАЮТ НЕПОСРЕДСТВЕННОЕ ВЛИЯНИЕ НА СИСТЕМУ НАКАЗАНИЙ, В ЧАСТНОСТИ, ИЗМЕНЯЕТСЯ ИЕРАРХИЯ ВИДОВ НАКАЗАНИЙ, ОДНИ НАКАЗАНИЯ ТЕРЯЮТ СВОЕ ЗНАЧЕНИЕ И ИСКЛЮЧАЮТСЯ ИЗ УГОЛОВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА, НАРЯДУ С ЭТИМ ВВОДЯТСЯ НОВЫЕ ИХ ВИДЫ, ВЫЗВАННЫЕ КАК ОБЩИМИ ИЗМЕНЕНИЯМИ, ТАК И ПОТРЕБНОСТЯМИ В ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ, ЭКОНОМИЧЕСКОЙ И СОЦИАЛЬНОЙ СФЕРАХ.

Наказание в уголовном праве – явление социально-правовое. Социальное назначение наказания состоит в том, что оно на протяжении многих лет рассматривается как одно из средств борьбы с преступностью, специфический и весьма жесткий регулятор поведения людей, вступающих в конфликт с уголовным законом. На различных этапах развития человеческой цивилизации государство с помощью уголовного наказания пытается решить по сути одно и ту же задачу – защитить общество от преступных посягательств на наиболее важные социальные ценности, охраняемые уголовным законом.

Реализация целей наказания во многом предопределяется назначением наказания. Назначение наказания способствует исправлению осужденных, предупреждению совершения новых преступлений как осужденными, так и другими лицами. Наказание может решить эти задами, если оно будет обоснованным, справедливым. Лицу, совершившему преступление должно быть назначено наказание, необходимое и достаточное для его исправления и предупреждения новых преступлений, Такой подход суда к назначению наказания обеспечивают общие начала (правила) назначения наказания, содержащиеся в статье 52 УК. Эта статья устанавливает для суда не детализированные, а общие правила назначения наказания, которые, с одной стороны, ставят суд в строгие рамки закона, а с другой — дают ему возможность проявить собственную инициативу при назначении наказания.

Наказание есть мера государственного принуждения, назначаемая по приговору суда. Наказание применяется к лицу, признанному виновным в совершении уголовного правонарушения, и заключается в предусмотренном настоящим Кодексом лишении или ограничении прав и свобод этого лица.

Наказания существенно различны по своей тяжести (по объему кары) и содержанию. Помещены они в уголовном законе в определенном порядке, в целом образуя систему наказания. То есть система наказаний – это установленный действующим уголовным законодательством исчерпывающий и обязательный перечень видов наказаний, расположенных в определенном порядке – в зависимости от степени их тяжести. В частности, согласно статьи 40 Уголовного кодекса Республики Казахстан к лицу, признанному виновным в совершении уголовного проступка, могут применяться следующие основные наказания: 1) штраф; 2) исправительные работы; 3) привлечение к общественным работам; 4) арест; 5) выдворение за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства. К лицу, признанному виновным в совершении преступления, могут применяться следующие основные наказания: 1) штраф; 2) исправительные работы; 2-1) привлечение к общественным работам; 3) ограничение свободы; 4) лишение свободы;

А также к лицу, признанному виновным в совершении уголовного правонарушения, наряду с основным наказанием могут применяться следующие дополнительные наказания: 1) конфискация имущества; 2) лишение специального, воинского или почетного звания, классного чина, дипломатического ранга, квалификационного класса и государственных наград; 3) лишение права занимать определенную должность или заниматься определенной деятельностью; 3-1) лишение гражданства Республики Казахстан; 4) выдворение за пределы Республики Казахстан иностранца или лица без гражданства.

Анар ТОХТЫБАКИЕВА,
судья Илийского районного суда.

МЕДИАЦИЯ

ОСОБАЯ ФОРМА ПОСРЕДНИЧЕСТВА

Сферой применения медиации являются споры (конфликты), возникающие из гражданских, трудовых, семейных и иных правоотношений с участием физических и (или) юридических лиц, а также рассматриваемые в ходе уголовного судопроизводства по делам о преступлениях небольшой и средней тяжести, об уголовных проступках, если иное не установлено законами Республики Казахстан, и отношения, возникающие при исполнении исполнительного производства.

Медиация – это альтернативная форма разрешения споров, с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной в данном конфликте стороны – медиатора. Медиация – это особая форма посредничества, не предполагающая вынесения третьей стороной решения по спору. Соответственно, главной задачей медиатора является помощь сторонам в как можно скором приведении спора взаимовыгодному и жизнеспособному решению.

Медиация проводится на основе принципов: добровольности; равноправия сторон медиации; независимости и беспристрастности медиатора; недопустимости вмешательства в процедуру медиации; конфиденциальности.

Условием участия в процедуре медиации является взаимное добровольное волеизъявление сторон, выраженное в договоре о медиации.

Стороны медиации вправе отказаться от медиации на любой ее стадии.

В ходе медиации стороны вправе по своему усмотрению распоряжаться своими материальными и процессуальными правами, увеличить или уменьшить размер требований или отказаться от спора (конфликта). Стороны свободны в выборе вопросов для обсуждения вариантов взаимоприемлемого соглашения.

Стороны медиации пользуются равными правами при выборе медиатора, процедуры медиации, своей позиции в ней, способах и средствах ее отстаивания, при получении информации, в оценке приемлемости условий соглашения об урегулировании конфликта и несут равные обязанности.

Целями медиации являются: достижение варианта разрешения спора (конфликта), устраивающего обе стороны медиации; снижение уровня конфликтности сторон.

При проведении медиации медиатор независим от сторон, государственных органов, иных юридических, должностных и физических лиц. Медиатор самостоятелен в выборе средств и методов медиации, допустимость которых определяется настоящим Законом.

Медиатор должен быть беспристрастным, проводить медиацию в интересах обеих сторон и обеспечивать сторонам равное участие в процедуре медиации. При наличии обстоятельств, препятствующих беспристрастности медиатора, он должен отказаться от проведения медиации.

Не допускается вмешательство в деятельность медиатора при проведении медиации со стороны лиц, указанных в пункте 1 настоящей статьи, кроме случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

Участники медиации не вправе разглашать сведения, ставшие известными им в ходе медиации, без письменного разрешения стороны медиации, предоставившей эту информацию.

Манап ЖАНГАЗИЕВ,
страший судебный пристав Текелийского городского суда.

НОВОВВЕДЕНИЯ

10 СТАТЕЙ ТРУДОВОГО КОДЕКСА РК ПРЕТЕРПЕЛИ ИЗМЕНЕНИЯ. О НОВОВВЕДЕНИЯХ В ТРУДОВОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ ПРОИНФОРМИРОВАЛИ НА ПЛОЩАДКЕ ПАЛАТЫ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ЗКО, ПЕРЕДАЕТ ИА EL.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ПРЕСС-СЛУЖБУ НПП «АТАМЕКЕН».

ИЗМЕНЕНЫ 10 СТАТЕЙ ТРУДОВОГО КОДЕКСА КАЗАХСТАНА

Заместитель директора РПП Светлана Хисаметдинова отметила, что нововведения вступили в силу 1 мая 2023 года. Новшествами затронуты условия заключения трудового договора с иностранцами и лицами без гражданства, временно пребывающими на территории республики.

Также она обратила внимание на то, что с обновлением содержания Трудового кодекса перенос выходных дней регламентируется не постановлением Правительства (как было до 1 мая т.г.), а приказом Министра труда.

«Размеры выплат по больничным листам устанавливаются в Трудовом кодексе, тогда как до вступления изменений в силу эти выплаты устанавливались постановлением Правительства», — разъяснила Светлана Хисаметдинова.

В качестве основного спикера был приглашен руководитель отдела контроля за трудовыми отношениями областной инспекции труда Дастан Калел. Разъяснение содержания Трудового кодекса в новой редакции Дастан Калел начал со статьи 1, в которой закреплены основные понятия. В частности, с разъяснения того, что следует понимать под определением «совместное трудоустройство» (новое положение закреплено в подпункте 56−1 ст. 1 Трудового кодекса).

В Кодексе, регулирующем трудовые правоотношения, обновилось содержание пяти статей главы «Рабочее время». К примеру, наибольший интерес у общественности вызвала норма, допускающая установление четырехдневной недели с правом чередования с пятидневной или шестидневной рабочей недели (ч.2 п. 3 ст. 71 ТК). При этом представитель инспекции труда подчеркнул, что вопрос о чередовании продолжительности рабочих недель должен решаться при согласовании сторон.

Дополнения также внесены в статьи 75,73, 71, 68, 67 Трудового кодекса (составляющие главу «Рабочее время»). Спикер разъяснил новое положение по предоставлению выходных дней для работников со скользящим графиком работы, нововведения в части оплаты временного простоя и выплат работникам социального пособия по временной нетрудоспособности за счет средств работодателя.

В завершение разъяснительной работы Дастан Калел остановился на новшествах в главе 12 «Особенности регулирования труда отдельных категорий работников».

ЖКХ

ЗАРПЛАТЫ САНТЕХНИКОВ И ЭЛЕКТРИКОВ ВЫРАСТУТ

В Казахстане планируют увеличить зарплаты работников сферы коммунальных услуг. Об этом сообщил министр национальной экономики РК Алибек Куантыров на заседании Правительства, передает корреспондент МИА «Казинформ».

«В целях повышения эффективности деятельности коммунальных предприятий внесены изменения в статью 22 Закона “О естественных монополиях”. Первое — это увеличение зарплаты работников сферы коммунальных услуг, в том числе сантехников, электриков и сварщиков от 50% до 100%. Таким образом, средняя заработная плата с 135 тысяч тенге вырастет до 200−300 тысяч тенге в зависимости от отрасли и региона. Это коснется порядка 200 тысяч работников сферы ЖКХ», — сказал Алибек Куантыров.

Кроме того, по словам министра, будет произведена поэтапная передача бесхозных сетей.

«Так более 25 тысяч километров коммунальных сетей подлежат передаче в доверительное управление и в коммунальную собственность. Принятые поправки позволят компенсировать расходы коммунальных предприятий на содержание и эксплуатацию бесхозяйных сетей, что увеличит охват потребителей и позволит обеспечить стабильность предоставляемых услуг», — добавил Алибек Куантыров.

Ранее Премьер-Министр РК Алихан Смаилов заявил, что рост тарифов для населения в текущем году составит 10−30%. Это весьма умеренное повышение, без которого невозможно эффективное содержание инфраструктуры ЖКХ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДҮБІРЛІ ДОДАЛАР

ОТАНДЫҚ СПОРТТЫҢ ОРТАЛЫҒЫ

ЕЛ ЖҮРЕГІНЕ АЙНАЛҒАН ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДАМЫЗДЫҢ ЕЛ СПОРТЫНДА ДА АЛАР ОРНЫ ЕРЕКШЕ. КЕЙІНГІ 25 ЖЫЛДЫҢ ІШІНДЕ ЕЛІМІЗДІҢ БАС ШАҺАРЫНДА ЖАНКҮЙЕРЛЕРДІҢ ДЕЛЕБЕСІН ҚОЗДЫРҒАН ТАЛАЙ ДҮБІРЛІ ДОДАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, СӘНІ МЕН СӘУЛЕТІ ЖАРАСҚАН, БІРІНЕН БІРІ ӨТЕТІН ЕРЕКШЕ ДИЗАЙНДАҒЫ СПОРТ КЕШЕНДЕРІ БОЙ КӨТЕРІП, СОЛ ҒИМАРАТТАРДА АТАҒЫ ЖЕР ЖАРҒАН ӘЛЕМНІҢ ДҮЛДҮЛ СПОРТШЫЛАРЫ ЖАҺАНДЫҚ ЖАРЫСТАРДА ЖЕҢІМПАЗ БОЛДЫ. ЯҒНИ ОСЫ УАҚЫТ АРАЛЫҒЫНДА АСТАНА ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК СПОРТТЫҢ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛЫП ҮЛГЕРДІ ДЕП АЙТУҒА БОЛАТЫН СИЯҚТЫ.

Бас шаһардағы додалар

Жоғарыда біз атап өткен спорт ғимаратының бірқатарында кейінгі 10 жылдың ішінде әлемдік деңгейдегі жарыстар, әртүрлі спорт түрлерінен әлем және Азия чемпионаттары бір емес, бірнеше рет ұйымдастырылды. Сонымен қатар футболдан Еуропа және әлем чемпионаттарының іріктеу кезеңдері, Еурокубок додаларының ең маңызды ойындары, еліміздің даңқты кәсіпқой боксшыларының қатысумен кәсіпқой бокс кештері де ұйымдастырылғаны күні бүгінгідей жадымызда.

Тарқатып айтар болсақ, 2009 жылы пайдалануға берілген «Астана Арена» стадионында әр жылдары Еуропаның ең таңдаулы құрамалары доп тепті. Солардың қатарында 2014 жылғы әлем чемпионы Германия, 1992 жылғы Еуропа чемпионы Дания, әлем чемпионатының екі дүркін қола жүлдегері Польша, әлем және Еуропа чемпионатының жүлдегері Нидерланд, Чехия, Бельгия және тағы басқа кәрі құрлықтың азулы ұжымдары бар.

Сонымен қатар 2011 жылы қысқы Азия ойындары қарсаңында ашылған «Сарыарқа» спорт кешенінде ең алғаш шорт-трек жарыстары өтсе, кейіннен велоспорттан Әлем кубогі, 2013 жылы елімізде алғаш рет өткен ауыр атлетикадан Азия чемпионатының жарыстары ұйымдастырылды. Сол жолы жерлестеріміз 3 алтын, 2 күміс, 1 қола медаль олжалап, жарысты жалпыко-мандалық есепте үшінші орынмен түйіндегенін айта кеткен жөн.

2015 жылы Астана тұрғындары «Алау» мұзайдынындағы дзюдодан әлем чемпионатын тамашалауға мүмкіндік алды. Жер-жаһанның 123 елінен келген ең таңдаулы балуандар бір апта бойы Астана аспанын дүбірге бөледі. Сол жылы ел тарихында алғаш рет екі қазақ баласы финалда белдесіп, ел мерейін асырды. 60 кило салмақтағы еліміздің қос мықтысы – Елдос Сметов пен Рустам Ибраев жарыс бойы барлық қарсыластарынан басым түсіп, финалда жанкүйерлерге тартысты белдесу ұсынды.

Араға бір жыл салып елорда төрт бірдей отандасымыз дара шыққан бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионатын қабылдады. Сол жылғы бұрымдылар бәсекесінде Назым Қызайбай, Дина Жоламан, Валентина Хальзова және Ләззат Күнгейбаева Әнұранымызды шырқатып, спорт кешеніне жиналған бокс жанкүйерлерін қуаныш пен шаттыққа бөлеген еді.

2019 жылы Астана тұрғындары тағы бір әлемдік деңгейдегі маңызды жарыстың куәгері атанды. Елордадағы «Барыс Арена» кешенінде дүниежүзінің ең таңдаулы апайтөс балуандары еліміздің бас қаласында бас қосып, әлем чемпионы атағын сарапқа салды. Олардың қатарында Олимпия ойындарының екі дүркін, әлем чемпионатының бес дүркін жеңімпазы ресейлік Абдулрашид Садулаев, Олимпия ойындарының жүлдегері, үш мәрте әлем чемпионатында дара шыққан грузиялық Гено Петриашвили, жаһандық доданың төрт дүркін чемпионы американдық Кайл Дэйк, Рио Олимпиадасының жеңімпазы кубалық Исмаэль Борреро Молина және тағы басқа мықты спортшылар болғанын жанкүйерлер әлі де ұмыта қоймаған болар.

Сонымен қатар елордада шайбалы хоккейден бірінші дивизионның әлем чемпионаты, классикалық шахматтан әлем чемпионатының алтын тәжі, теннистен ATP 500 санатындағы турнир және одан бөлек ірі жарыстар өткізілсе, жекелеген спорт түрлерінен даңқты боксшымыз Геннадий Головкин бастаған отандық кәсіпқой бокс жұлдыздары Қанат Ислам мен Бейбіт Шүменов елордада алтын белбеуін қорғады. Әлемдік теннис жұлдыздары саналған испаниялық Рафаэль Надаль, франциялық Жо-Виль-фрид Тсонга, сербиялық саңлақ Новак Джокович Астанаға арнайы келіп, қала тұрғындарына керемет көрмелік матч ұсынған болатын.

Елорданы әйгілеген «Астана» бренді

Елорданың атауы бүгінде халықаралық қоғамдастық тарапынан мойындалып қана қоймай, спорт әлемінде де даңқы жер жарып тұр. Бұған «Астана» атауын иемденген спорттық командалар көп еңбек сіңіргені жасырын емес. Мәселен, велоспорттағы «Астанамыз» осы уақытқа дейін «Тур де Франс», «Джиро д'Италия», «Испания Вуэльтасы» секілді жаһандық ірі додаларда алдыңғы шепті бермей жүр. Сондай-ақ осы мәр-тебелі көпкүндіктердің барлығында «Астананың» велошабандоздары жеңіс тұғырынан көрінді. Олардың арасында Александр Винокуровтың ізін жалғаған жерлесіміз Алексей Луценконың да бар екені қуантады. 2017 жылы «Испания Вуэльтасында», 2020 жылы «Тур де Франста» бір мәрте кезең жеңімпазы атанған болатын.

Велоклубтан бөлек, «Астана» футбол командасы да Еуропаны бағындыра бастады. 2009 жылы құрылған елордалық ұжым осы уақыт аралығында Чемпиондар лигасының топтық кезеңінде бір рет, Еуропа лигасының топтық бәсекесінде екі рет ойнады. Сонымен қатар Қазақстанның жеті дүркін чемпионы 2018 жылы Еуропа лигасында тұңғыш рет плей-офф кезеңіне шықты. Осы бір айтулы табысынан кейін кәрі құрлықтың командалары елорда ұжымымен санаса бастады. «Астана» Еурокубок жарыстарына қатыса бастаған жылдары клубтық рейтингте үздік 400 команданың ішінде болса, айналдырған үштөрт жылдың ішінде ТОП-100 клубтың қатарына қосылды. Тіпті бір кездері ағылшынның «Эвертон», Италияның «Интер» және Мәскеудің «Локомотив» командаларын және басқа да ірі командаларды басып озған-ды.

Астана брендімен әлемге танылған тағы бір команданың бірі – «Астана арландары» жартылай кәсіпқой бокс клубы еді. Бүкіләлемдік бокс сериясында ел намысын қорғаған елорда командасы 2010-2018 жылдар аралығында аталған турнирде үш мәрте чемпион атанып, төрт мәрте жүлдегерлер қатарынан көрінді. Арландардың ауыз толтырып айтатын жетістігі 2015 және 2017 жылдарға тура келді. Өйткені әлемдік бокс державасы саналатын кубалық командамен екі рет финалда жолығып, Бостандық аралының боксшыларына Қазақ елінің оғландары да осал еместігін дәлелдеді.

WSB жобасындағы «Астана арландары» сапында әр жылдары есімі жаһанға мәлім боксшылар қорғады. Олардың қатарында Бейжің Олимпиадасының чемпионы Бақыт Сәрсекбаев пен қола жүлдегері Қанат Ислам, Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов пен күміс жүлдегер Василий Левит, сондай-ақ әлем чемпиондары Мерей Ақшалов, Қайрат Ерәлиев, Жәнібек Әлімханұлы, Теміртас Жүсіпов, Олимпия ойындарының қатысушысы Қанат Әбуталипов, Руслан Мырсатаев, Олжас Сәттібаев секілді боксшылар жұдырықтасты.

Бұдан бөлек «Астана» атты баскетбол клубы да бар. Команданың құрылғанына көп бола қоймаса да, Қазақстанның 10 дүркін чемпионы атанып, ел кубогін тоғыз рет иеленді. 2017 жылы Азия чемпионатының қола жүлдегері атанды. 2011 жылдан бері ВТБ Бірыңғай лигасында сынға түсіп келе жатқан «Астана» баскетбол командасы үш рет ширек финалға дейін жетті.

Еңселі спорт кешендері

Ресми статистикаға сүйенетін болсақ, бүгінде бас қалада ірілі-ұсақты 600-ден астам спорт нысаны жұмыс істеп тұр. Соның ішінде жиырмаға жуық спорт ғимараты халықаралық додаларды қабылдауға қауқары жетеді. Сонымен қатар бұл спорт кешендерінде тек әлемдік деңгейдегі жарыстар өткізіп қана

қоймай, қала тұрғындарының да саламатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға барлық жағдай жасалған. Яғни жаз мезгілінде Астана жұрты футбол, суға жүзу, жүгіру сынды спорт түрлерімен айналысса, қыста коньки теуіп, шат-шадыман болады. Мәселен, «Астана» спорт кешені қала тұрғындарына бассейн мен жаттығу залын ұсынады. Сонымен қатар балалар скалодром, футбол және баскетбол мен волейбол үйірмелеріне жазылып, үлкендер жағы ойын алаңдарын жалға алып, жаттығуларына болады. Спорттық секциялардан кикбоксинг, каратэ, бокс және тағы басқа үйірмелер жұмыс істейді.

Велошабандоз шлемі түрінде жасалған «Сарыарқа» велотрегі – әлемдегі ең үздік спорт кешендерінің бірі ретінде танылған. 2011 жылы пайдалануға берілген ғимаратта жаттығу залы, трек, мұз сырғанағы, таэквондо, гимнастика, ойын залы және шағын футбол алаңдары бар. «Сарыарқа» велотрегі сыртқы көрінісі айтып тұрғандай, негізінен, велоспортқа арнап салынған. Десе де, бұл жер бокстан, баскетболдан, көркем гимнастикадан және дзюдодан жарыстар өткізуге ыңғайлы кешен. Мұнда волейбол, футбол алаңдары мен бассейн және фитнес-орталық бар. Бұл кешендегі спорт жарыстарын 9 мыңнан аса жанкүйер тамашалай алады.

«Алау» мұзайдынына елорда тұрғындары коньки теуіп, сергу үшін барады. Қыс мезгілінде күніне 2500-дей халық жиналады екен. Ал соңғы деректерге сүйенсек, бүгінде елордамыздың әрбір төртінші тұрғыны саламатты өмір салтын ұстанып, тұрақты түрде спорт түрлерімен айналысады. Сонымен қатар «Алауда» жаз мезгілінде батут, үстел теннисі, бадминтон, бильярд және шағын гольф секілді спорт түрлерімен шұғылдана алады.

«Дәулет» спорт кешенінде үлкен теннистен дәрістер жүргізіледі. Бүгінде еліміздегі ең үлкен теннис орталығында балалар жекелей және топ болып жаттығады. Бұл жерде теннистің әліппесін үйретуден бастап, түрлі жарыстарға дайындап шығарады. Сондай-ақ қала тұрғындары қалаған уақытында кортты жалға ала алады. Бүгінде осы теннис кортында шыңдалып шыққан астаналық жас спортшылар халықаралық жарыстарда үздіктер қатарынан көрініп жүргені баршаға белгілі.

Астанадағы айшықты ғимараттардың қатарын «Барыс Арена» мұз сарайы да толықтырып тұр. 2015 жылы пайдалануға берілген бұл кешенде елорданың «Барыс» хоккей клубы Құрлықтық хоккей лигасында матчтарын өткізеді. Арена бір сәтте 12000-ға дейін көрермен сыйдыра алады. Жалпы аумағы 86 мың шаршы метрді алып жатыр. Көп функциялы кешенде 2 мұз айдынына қоса, 50 метрлік олимпиадалық бассейн мен көркем жүзуге арналған бассейні бар. Сонымен қатар спорт сарайында басқа да мерекелік мәдени іс-шараларды өткізуге болады.

Бұдан бөлек, 30 мың жанкүйерге арнап салынған «Астана Арена» спорт кешенін, сонымен қатар үш жыл бұрын ел игілігіне берілген QAZAQSTAN жеңіл атлетика спорт кешенін де атап өтуге болады. Халықаралық жеңіл атлетика федерациялары қауымдастығы (IAAF) тарапынан сертификатқа ие болған бұл спорт нысаны ең жоғары деңгейдегі жарыстарды (әлем, Азия чемпионаты және т.б.) өткізуге, сапалы жаттықтырушылар құрамы мен спортшыларды дайындауға мүмкіндік береді. Үш қабатты ғимаратта сопақ жүгіру жолағы, бассейн, спортшыларға арналған 36 орындық жатақхана және жеңіл атлетиканың барлық түрі қамтамасыз ететін ядро лақтыруға, биіктікке секіруге, ұзындыққа секіруге арналған секторлары бар.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ӨНЕР

«МЕЙІРІМ» шығармашылық орталығының балалары Мүсіндеу үйірмесінің жетекшісі Майрагүл Райспен бірге шығармашылықтарын шыңдаудан шаршаған емес. Талабы таудай балғындар ермексазды қолдана отырып, түрлі тақырыпта мүсіндеме туындыларын жасап үйренуде.

ТУРИЗМ

ТҮРКИЯНЫҢ ТЕҢІЗДЕРІ АРҚЫЛЫ САЯХАТЫҢЫЗДАН ЛӘЗЗАТ АЛЫҢЫЗ

Түркиядағы алғашқы теңіздегі саяхаттың бағыты Түркег теңізі арқылы өтеді. Бодрум – Түркиядағы ең танымал көгілдір саяхаттар жасайтын аялдамаларының бірі. Гүмуслук, Битез, Яликавак, Аспат, Дженнет және Иассос – Түркиядағы көк саяхат концепциясының бастапқы шабыты Бодрумдағы ең танымал көк саяхат шығанақтары. Шығанақтарды қайықпен зерттегеннен кейін, 15-ші ғасырдағы Бодрум сарайы мен Бодрум су асты археология мұражайына саяхат жасау үшін тоқтай аласыз.

Бодрум сонымен қатар Эгей, түрік және халықаралық тағамдардың әйгілі гастрономиялық орталығы саналады.

Датча түбегі: жердегі жұмақ

Эгейден Жерорта теңізіне дейінгі көгілдір саяхат бағдарымыздағы келесі байланыс порттары – Гөкова, Датча және Мармарис. Бодрум мен Датча түбегі арасында созылған Гөкова шығанағы көгілдір саяхатшылар үшін танымал орын. Осы бағыт бойындағы көрікті шығанақтар мен аралдар: Орак аралы, Седир аралы, Куфре шығанағы, Лөңгөз шығанағы, Чанак шығанағы/Ингилиз айлағы, Дегирмен Бүкү, Еди (Жеті) аралдары, Лациверт шығанағы және Тавшан аралдары.

Жаз – Түркияның Эгей және Жерорта теңізінде көгілдір саяхат, ерекше желкенді тәжірибе үшін жылдың ең әдемі мезгілі. Түркегей мен Түрік Ривьерасын шектейтін әдемі шығанақтардан Эгей мен Жерорта теңізінің көріністерімен сіз айлақтарда хош иісті кештер мен түрік тағамдарын кездестіресіз.

Датча түбегінің жағалауында Курубук, Паламутбуку, Хайитбуку, Қызылбүку, Балличабуку, Бойнузчук және Армоника әртүрлі көлемдегі көптеген шығанақтарымен келушілерді қарсы алады. Бұл жағажайларда сізді ұмытылмас табиғат әсерлері мен керемет ежелгі Книдос қаласы күтеді. Саяхаттың Мармарис аяғында Адакөй, Ешкі аралы (Кечи), Гуверчин аралы, Дженнет аралы, Серче шығанағы, Бозуккале шығанағы және Бозбурунды көруге болады.

Теңіз арқылы келіп, құрлыққа түсіп, әртүрлі тарихи және мәдени орындарды, соның ішінде Мармарис қамалын және Фискос пен Амос ежелгі қалаларын аралауға болады.

Гөджек: көк саяхаттың жүрегі

Сіз түрік Ривьерасын басқарған кезде желкенді жұмақ Гөджек сізді қарсы алады. Құрлықта, қамыспен көмкерілген Далян өзені мен ежелгі Каунос қаласы сізді Гючектің дәл алдында қарсы алады. Түркияның көгілдір саяхаттарының көпшілігінің басты нысаны саналатын Гөчектегі Осман Ага шығанағы, Бойнуз Бүкү шығанағы, Сарсала шығанағы, Домуз аралы және Бедри Рахми шығанағына барғаннан кейін бұл аймаққа ғашық боласыз.

Клеопатра моншалары (Kleopatra Hamamı) деп аталатын батып кеткен қирандылар шығанақта табылған және тарихи қирандылары мен көптеген су асты өмірінің молдығы бар суға түсуге арналған орын. Эгей және Жерорта теңізі жағалаулары тоғысқан бірінші дәрежелі теңіз жағалауларымен Фетхие көгілдір саяхаттардың танымал аялдамасы болып табылады. Фетхиенің мөлдір суына сүңгіп болғаннан кейін тимьян хош иісті тау самалы соққан шағын шығанақтарда түнеуге болады.

Фетхиедегі зәкірді өлшеп алғаннан кейін көптеген шығанақтарымен әйгілі Олуденизге бара аласыз.

Түркияның парапландар жұмағы болып табылатын Олуденизде сіз Кумбурну шығанағы, Гемилер аралы, Кабак шығанағы, Кыдрак шығанағы, Шевалиер (Рыцарь) аралы, Саманлык, Калемья, аквариум (аквариум) және, әрине, Көбелек алқабына баруға болады. көбелектердің 80-нен астам түрі мекендейді.

Қас Кековаға: арман сапары

Түрік Ривьерасының астанасы Анталияда ұмытылмас көгілдір саяхаттың тағы бір бағыты – Жерорта теңізінің нағыз асыл тастары Кас. Түркияның ең танымал курорттарының бірі Каста әлемдегі ең әдемі жағажайлардың қатарында атақты Капутас жағажайы да бар. Қалқан мен Кековаға көгілдір саяхат – ерекше әсер: әсіресе, тарихи қирандылармен қоршалған Кекова аралы өмірде бір рет болатын керемет.

Қастан жолыңызда ең бірінші өтетін шығанақ таңғажайып Лиманагзи шығанағы болса, Гуверчин аралы, Додекан аралдары, Уфак Дере, Инөнү шығанағы, Аперлай, Яглица шығанағы, Терсане шығанағы, Аквариум шығанағы, Учағыз, Калекөй және Каралос шығанағы. осы керемет бағыттағы көптеген басқа аялдамалар. Бұл турдың тосынсыйы – Гөккая шығанағындағы Қарақшылар (Корсан) үңгірі, оған тек қайықпен жетуге болады!

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Айдана СМАҒҰЛ – тілші

Кезекші редактор: А. СМАҒҰЛ.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2700
Тапсырыс № 795
Индекс 15534